

Мен – жаңа форматтағы ұстазбын

ТУМЫШЕВА АКСУЛУ КУШЕКОВНА

*Маңғыстау облысы Ақтау қаласы "№28 жалпы білім беретін мектеп" КММ
Бастауыш сынып мұғалімі*

«Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!»

/Н. Ә. Назарбаев./

Заман өзгеруде, менде заман талабына сай өзгере білуім керек — деген ұстаным әр ұстаздың бойынан табылуы керек.

Қазіргі әлемде болып жатқан өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты маңызды мәселе болып отырғаны: «XXI ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындауы керек?» Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының мазмұны осы мәселені шешуге бағытталған. Даму мен үйрену бір үйдің егіз балалары секілді. Бір-біріңіз толық салынбаған сурет секілді шимай болып қала береді. Дамығың келсе үйренесің, үйрене бастасаң, дамып жатсың деген сөз!

Жаңа заман талабына сай, әлеммен бірге өзгеру мақсатымен менде деңгейлік курсты оқып, жаңа форматтағы ұстаз ретінде қалыптасып келемін. Мұғалімнің ұстанымы оның көзқарастарын қалыптастыру барысына зор ықпал етеді, ал көзқарасы белгілі бір шешімдердің қабылдануымен сыныптағы іс әрекеттерді түсіндіру көзі болып табылады. Сондықтан кез келген мұғалімнің оқыту құралдары оның өз болжамдарының, білімі мен ұстанымының, көзқарастарының жиынтығынан тұруға тиіс.

Оқытудың қандай жолы қолданылса да, қарастырылатын екі көзқарас бар. Біріншіден, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, екіншіден оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым - қатынас нәтижесі ретінде қарастырылуы.

Бірінші деңгей бағдарламасы құзырлы мұғалімнің алдына оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Сондықтан мұғалімнің бойында Шульман «үш көмекші» деп атаған қасиеттер болуы тиіс.

Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры **Бауыржан Момышұлы** “Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз” деген.

Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – **Мұғалім**.

Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

“Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға” деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз.

Менде ұстаздық жолымды мемлекеттік тілді өзге ұлт өкілдеріне үйретуге жиырма жыл бойы арнап келемін.

Қазіргі кезде оқыту үрдісін жоспарлаудың, қолданудың және бағалаудың жүйелі әдісі ретінде жаңа педагогикалық технологиялар түрлері көбейе түсуде.

Сондықтан осындай жаңартылған педагогикалық технологиялар ішінен өз қажеттісін таңдап алу – әр мұғалім үшін жауапты да іскерлікті талап ететін іс. В.И.Шепелдің айтуы бойынша, технология – өнер, шеберлік, біліктілік жағдайын зерттеуге бағытталаған іс-әрекеттердің жиынтығы ұғымын білдіреді. Сабақ түрі жаңа заман талаптарына сай өзгеріп, жаңарып отырса, жеткіншектерге оның әсері мен ықпалы ерекше болады. Олардың эмоциялық сезім-түйсіктеріне әсер ете білген ізденістерден көп пайда болатыны айтпаса да түсінікті. Дайын білімді таратуға негізделген «дәстүрлі» әдіс арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, сол себепті де механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады. Бұндай жолмен оқытудан алынған механикалық түрде есте сақталған мәліметтерді емтихан кездерінде ұтымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы терең меңгерілмей, жай ғана жатталғандықтан, тақырыпты оқыту аяқталған соң немесе емтихан біткен соң керексіз болып қалады және оқушы оны өмірде пайдалана алмайды.

Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Бұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістетуге орайластырылып құрылады. Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі. Бұл жағдайда оқушының мәселені түсіну деңгейін анықтап, оның түсінігін толықтыруға немесе қайта құруға көмектесу мұғалімнің міндеті болып табылады. Менде өз сабақтарымда жаңа технологияларды қолданып жүрмін. Деңгейлік бағдарлама бойынша жұмыс жасай бастағаннан бастап, оқушылардың бойынан өзгерістер байқала бастады. Бұрынғы дәстүрлі сабақта оқушы мұғалімнің баға қоюын тосып, қатесін тауып бергенін күтіп отырса, қазір өз қатесін өзі тауып өзі түзетуге машықтанып келеді. Бір — бірін бағалау арқылы өз қателерін түсініп, өзгеге үйрету арқылы үйреніп отырады.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Қазақ тілі ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ол қазақ тілі Мәңгілік Елдің мәңгілік тіліне айналды», - деген сөзі қазақ тілінің дамуына жаңа серпін беріп отыр. Мәңгілік елдің соғатын жүрегі қазақ тілімен байланысты болады десек, онда заман тынысын тани білген адамға дамудың күретаымыры ақпараттық коммуникациялық технологиялармен байланысты екендігі де айқын. Осы мақсатпен аудандық қазақ тілі мұғалімдерімен «Тіл жанашырлары» атты қауымдастық құрып, биылғы жылы семинарлар өткіздім. Облыстық конференцияда «Дарынды және талантты балалармен жұмыс жүргізу жолдары» тақырыбында шеберлік сынып өткіздім. Осы тақырыппен аудандық семинарда шеберлік сынып, «Топтық жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында коучинг өтті. Мектеп мұғалімдерімен де тәжірибе алмасып жүреміз. «Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыруда интерактивті әдістерді қолдану» атты семинарда аудан мұғалімдері үшін тиімді өткізіліп, тәжірибе алмастық.

Астана қаласында өткен «Қазақ тілін оқытудағы инновациялық бастамалар» Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі форумына қатысып алған мәліметтер бойынша аудан мұғалімдерімен ой бөлістік.

Біздің мақсатымыз- гүлденген қоғам орнату. «Ұлттық тіл — әр халықтың өзіне тән ой- санасын, парасатын, бүкіл болмыс- тіршілігі мен сезімін- түйсігін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін күретамыр.»

Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған жолдауында басты мақсатымыз- Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы, ол-«Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті деген. Біз үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырдық.

Осы жолдауда «Мәңгілік Қазақстан» жобасында Қазақстан Республикасының әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын саласының бірі-ғылым мен білімге өте үлкен мән берген.

Ал оны жүзеге асыратын ұстанымы берік, білімді, жаңа форматтағы мұғалім.

Жаңа форматтағы мұғалім жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру, ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігі екенін түсініп, әрдайым өзінің білімін жетілдіріп, шығармашылық ізденісте жүруі маңызды.

Жаңа формат мұғалімі пәнді жақсы білумен қоса, стандарт талап етіп отырған құзыреттіліктерді жете меңгеруі тиіс.

Елбасымыздың «Мәңгілік Елге» бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жолында білімді шәкірт дайындаудан шаршамайтын, қазақ елінің жаңа форматты мұғалімін дайындауға атсалысып деңгейлік курсты өткізіп

жүрген білімді де, білікті тренерлердің еңбектері біз үшін баға жетпес нұсқау болып отыр. . Әлемнің озық елдері арасында Қазақстанның білімді жастарының орны ерекше болып шарықтай берсін.

Джон Дьюи мен Дональд Шонның «рефлексиялық оқыту» технологиясында немесе Абай Құнанбаевтың он бесінші сөзінде айтылғандай әр адам өз ісіне есеп бере білсе нәтижеге жетері анық деп санаймын

Мен – жаңа ғасыр педагогімін

ОНГАРОВА ДЖАНБИБИ КОРПЕЕВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы №18 жалпы білім беретін
мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

*«Жай мұғалім хабарлайды,
Жақсы мұғалім түсіндіреді.
Керемет мұғалім көрсетеді,
Ұлы мұғалім шабыттандырады»*

«Ел есінде бір жыл қалғың келсе – ас бер, он жыл қалғың келсе – ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе – бала тәрбиеле» дейді халық даналығы. Мен үшін қастерлі де, қасиетті мамандық ол – ұстаздық жол.

Мамандықты таңдау – әр адам үшін ең маңызды шешім. Мен үнемі Ж.Аймауытовтың «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл – жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген сөзін өзіме жол сілтер Темірқазық қып алдым. Сөйттім де «Ұстаздық» деп аталатын қиын да қызық соқпаққа алып барар мамандықты таңдауға бел будым. Өйткені мектеп өмірі мен үшін ыстық, тым жақын. Бала күнімнен санама сіңген қоңырау үні, 45 минуттық білімнің тылсым құдіреті өзіне шықыратын да тұратын. Осы арман желкені салиқалы да салмақты ұстаздарымның жолын жалғастыруға себеп болды.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, – деп, ұлы Абай атамыз айтқандай, мектеп ұжымындағы әрбір ұстаздың бойында болатын төзімділік, сыпайылық, адамгершілік, еңбексүйгіштік сияқты жақсы қасиеттерді бойыма сіңірдім. Тәжірбиелі ұстаздардан шәкірттермен жұмыс жасау әдістерін, оларды жақсы көруді, көңілін таба білуді үйрендім Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол болған еңбек жолымдағы педагогикалық ұстанымым – үнемі жаңалыққа ұмтылып, ақпарат ағымында заманауи алдыңғы қатардан көріну және әр оқушының бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу.

Б.Момышұлы «Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет»дейді. Ал ұстаздық – мен үшін биік шың іспетті. Өзіңнің аңсаған шыңыңа шығу үшін талай еңбектенесің. Ал сол шыңға жету жолындағы талай бұрмалаң да шатқал, қиын да қалтарыстарына төзе білетініме сенімім мол.

Жебеп тұрар, демеп тұрар арқада,

Болу керек құдіретті төрт ана.

Туған жері – түп қазығы, айбыны,

Туған тілі – сатылмайтын байлығы,

Туған дәстүр, салт-санасы – тірегі,

Қадамыңа шуақ шашар үнемі, – деп М.Шаханов ағамыз жырлағандай, адам баласының өміріндегі төрт ананның бірі болып табылатын – қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің мұғалімі болу – аса жауапкершілікті іс деп білемін. Осындай жаһандану заманына тұспа-тұс келген біздің шәкірттеріміздің бойына ұлттық рухымызды сіңіріп, тілі мен дінін, ділін берік ұстанған ұрпақ оқыту, тәрбиелеу барысында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімінің мойынына жүктелетін міндет зор. Сондай-ақ қазіргі білім беру саласының алдында тұрған басты мәселе – жаңа форматты ұстаз қалыптастыру. Бүгінде ұстаздар қауымы үстелдің бір шетінде «мен ұстазбын» деп тұрып алмай, бақылаушы, жазалаушы, тексеруші қызметін әрі ысырып тастап, ізденуші, зерттеуші, шығармашылықпен жұмыс жасайтын жаңашыл болса деп ойлаймын.

Иә, мен қазіргі заман педагогімін. Осы жолда өз алдыма шәкірттерге терең білу барысында мақсаттар қойдым. Менің ойымша, қазіргі педагогикалық тәжірибеде тиімділікке қол жеткізу үшін Кембридж бағдарламасын жеті модульді сабақта тиімді пайдалану, яғни оқушыға өзіне дұрыс шешім табу және алға қойылған міндеттерді шешу үшін шығармашылықпен және сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік беру керек. Мен өзімнің шәкірттеріме бағыт-бағдар беремін, ал алдымдағы шәкірт оны жүзеге асырады. Жан-жақты өз пікірлерін айтып, ойларымен бөліседі. Өз сабақтарымда қолданатын әдістер мен тәсілдер заман талаптарына сәйкес келеді және оқушыларыма ұнайды. Жаңа ғасыр педагогі, бұл – рефлексивті педагог. Әрбір мұғалім үнемі өзін-өзі жетілдіріп және де рефлексия тәжірибесінде ғана бұл өсуге ықпал етеді. Мен жұмыс жасап жүрген шағын жинақты мектепте әр түрлі оқушылар бар және әр оқушының ойлауы мен қабылдауы да әр түрлі деңгейде. Кей кезде жанартылған білім беру жүйесінде топқа, жұпқа бөліп жұмыстану кездерінде қиындықтар да кездесіп жатады. Осындай кездерде шетел ғалымы Генри Фордтың «Бұған дейін жасағандардың бәрін одан да жақсырақ етіп жасауға болады» деген сөзін есіме аламын да, өзімнің тәжірибемде жинақтаған әдіс-тәсілдерге сүйенемін.

Менің шәкірттерім менен әр күн сайын жаңалықтар күтеді және олардың сенімін ақтамауға болмайды. Менің мамандығым менен тұрақты жұмылдыруды талап етеді. Мен бәсекеге қабілетті жастарды дамыту және тәрбиелеу үшін барлық жаңалықтарды білуге міндеттімін. Мен мұғаліммін, «Өз болашағымды» оқытамын, болашақ дәрігерлер, мұғалімдер, инженерлер, әскери және барлық болашақ мамандарын даярлаймын.

Менің түсінігімде, жаңа ғасыр педагогы – өз ісінің кәсіби шебері, ол білім көзі болып қалу ғана емес, оқыту үрдісінің белсенді қатысушысы. Әрбір баланы оқу үрдісіне тарту оңай, бірақ кейде мұны жүзеге асыру қиын. Тек әдістемені жақсы меңгерген педагог сыныптағы жұмысты дұрыс ұйымдастыра алады.

Қазір ХХІ ғасыр. «Заманға сай қадам басып барамын ба?» деген сұрақ мені де толғандырады. Жаһандану дәуірінің талаптарына сәйкес келе ме? Менің ойымша, бұған жауап: «жоқ» болуы да мүмкін емес.

**Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан
ойлау технологиясын тиімді қолдану**

ТЛЕУМАГОМБЕТОВА НАГИМА АЛДАБЕРГЕНОВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы №18 жалпы білім
беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «*Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдарға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу;білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу*» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттілігі туындайды. Білім берудің маңызды шарты-оқу үрдісін жаңара отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың өздігінен білім алуға құштарлығын жетілдіру, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауда мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыру.

Қай заман болмасын адамзат алдында тұрған міндет- ұрпаққа саналы білім беру. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін заман ағымына орай оқу үрдісіне жаңа технологиялар қажетті. Жаңалықты меңгеру мен жүзеге асыруда дұрыс түсінбеу үлкен кедергіге әкеледі. Сондай қолданыстағы жаңа технологиялардың бірі-сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Жалпы сыни ойлау деген не?

Сыни ойлау сұрақ қою мен шешімін талап ететін проблемалардан тұрады. Мазмұнды сұрақ қою арқылы, мәселені шешуде өзі жолын іздеп тауып, шешімді, саналы дәлелдер айтады. -мұғалімге тәуелділіктен арылып, өзінің білім беру қызметін өздері басқаруға;

-білім мәдениеттілігі мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;

-жеке ерекшелігі мен қыбылетіне сай тапсырмаларды өзі тандап, іздеп тауып, белсене орындауға;

-білім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып және ұжымдасып мұғалім көмегінсіз атқаруы;

-құр мәлімет алумен шектелмей, сабақ барысында өз пікірін ашық айтып, сұхбат жүргізуге;

-өрісі ғана емес, рухани және әлеуметтік жағынан өздерін- өздері дамытып, тәрбиелеуге.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасында 100-ге жуық стратегиялар бар.

Қазіргі кезде мен қолданып жүрген стратегиялар Венн диаграммасы, «Т» кестесі, эссе, ой қозғау, инсерт, шығу парағы, кубизм, дискуссиялық өрнек, кластер, ішіне сыртына, синквин, т.б.

Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазу дамыту технологиясын сабақ үстінде қолдану барысында төмендегідей тиімділіктерге қол жеткізуге болады.

- 1.Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.
- 2.Сенімділікке тәрбиелеу.
- 3.Қиялын дамыту « менің ойымша» деген жауапқа алуға жағдай жасау.
4. Әр түрлі жауапты соңына дейін тыңдау.
5. Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау.
6. Баланың дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне, әр сабақта жағдай жасау.
- 7.Жеке тұлға ретінде « мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Сын тұрғысынан ойлау- Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болап табылатын ең басты педагогикалық түсінік. Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Тек қабілетті кеңінен өрістетуге ықпал етуші орта оқушы үшін мектеп қана болып табылады. Сондықтан оқушылардың сыни тұрғыда ойлау мақсатында «қалай? қашан? қандай?»деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жүргізу жақсы нәтиже береді. Яғни оқушыларға тапсырманы қалай берем? Қашан берем? қандай тапсырма берем деген сұрақтар басты назарда болу керек деп ойлаймын. Сыни ойлау сабағының құрылымы үш кезеңді қамтиды.

Қызығушылықты ояту

Жаңа ақпаратқа қызығушылығын ояту, танымдық процеске жұмылдырады, актуалдау. Бұл бөлім –білімнің іргетасы.

Екінші кезең -мағынаны тану оқу процесін мазмұнды түсінудің негізгі кезеңі. Осы кезеңде мұғалім шеберлігінің шыңы десек қателеспеспіз деймін. Себебі мұғалім тиімді стратегиялар арқылы оқушы қабылдауын дамытады.

Салыстырмалы кестелер, екі жақты күнделік әдісі, инсерт әдістері қолданылады.

Ой толғау кезеңінде оқушы пікірлері маңызды болады. Оқушының сыни ойлауын дамыту мүмкіндік бар. Жаңа білімге өзінде бар білім негізінде өтіледі. Оқушы шығармашылығын арттыруда әр кезеңге орай әдіс-тәсілдер таңдау, қолдану бір жүйеде дамытуға жетелейді

- **Сын тұрғысынан ойлау** -ашық қоғам негізі. Ол өз алдына сұрақтар қойып және оларға үнемі жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін
-
- дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелерді қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Сыни ойлау-адам өмірінің бір саласы. Олай делінетіні-бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен өздері үшін маңызды, әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата білуге көмектеседі.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы-білімнің дайын күйінде берілмеуі. Бұл жобаның мақсаты-демократиялық қоғамда өз көзқарасы, пайымдауы бар,өзін-өзі жетілдіріп отыратын, айналадағы үдерістерге сыни көзбен қарап, жауап бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

СТО жобасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу-білім беру сапасын арттырудың, оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. «Сын тұрғысынан ойлау»- сынап қарау емес, оқушының шыңдалған ойлау әрекеті.Бұл технологияның негізінде оқушылар топпен жұмыс істеу арқылы өзара пікірлесіп, ұтымды жауаптарды тауып айтуға үйренеді, іздене отырып, өз ойын айтуға, дәлелдеуге мүмкіндік алады. Топпен бірігіп жұмыс жасау тұлға бойында шыдамдылық, мейірімділік, ұжымдық жауапкершілік, бірігіп бір мәселені шешу секілді жағымды қасиеттерді дамытады.

«Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» арнайы пәндерді оқытуда қолданып жүрмін. «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақтарда қолдану» тақырыбын өзекті тақырып ретінде алдым. Осы технологиямен жұмыс жүргізу үшін белгілі міндеттер қойдым. Олар:

1. Технологияны оқып меңгеру;
2. Тәжірибеде қолдану

3. Нәтижесін анықтау.

1-ші сатыда 2012-2013 оқу жылында технологиямен таныстым, баяндама әзірленді ;

2-ші сатыда 2013- 2014 оқу жылында сабақтарымда қолдандым, пәндік отырысқа әдістемелік әзірлеме дайындалды ;

3-ші сатыда 2014 -2015 оқу жылына әдебиеттік оқу пәнінен «Шешендік сөз», «Достық» тақырыбында ашық сабақтар жоспарлап өткіздім.

2015-2016 жылы Өзін-өзі тану пәнінен «Сөз іспен көрікті» тақырыбында ашық сабақ өткізілді.

Жалпы «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының» 90 түрлі стратегиясы бар, солардың ішіндегі- Даралық пен ұқсастық, Венн диаграммасы, Бес жолды өлең, Галереяға саяхат, INSERT кестесі, ББҮ стратегияларын сабақтарымда қолданамын.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі мақсаттары:

- Тек қана оқуда емес, өмірде де оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту;
- Өздігінен дұрыс шешім қабылдай білетін тұлғаны дамыту;
- Ақпараттарен жұмыс істей білетін шығармашыл тұлға қалыптастыру;
- Құбылыстарды жан-жақты талдап саралай білетін сыншыл тұлға тәрбиелеу.

Сабақта белгілі қағидалар сақталынуы қажет. Ол үшін тақырып бойынша оқытушы – оқушыларға тапсырманы орындауға уақыт белгілеуі, сенім көрсетуі, қолдауы және бағыт беріп көмектесуі қажет.

Жаңартылған білім беруде қашықтықтан оқуды ұйымдастыру

ШАЛХАРОВА ДИНА

*Маңғыстау облысы Ақтау қаласы
"№28 жалпы білім беретін мектеп" КММ.
Бастауыш сынып мұғалімі*

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құру және коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу болып табылады десек, оларды жүзеге асырудың бір жолы – оқыту процесінде топтық оқытуды қолдану болып табылады.

Жаңа қоғамға қажетті тұлғаны дайындауда топтық оқытудың қажеттілігі өмір талабы екендігі айқын сезіледі.

Оқытудың топтық формасы деп – оқу тапсырмасын бірігіп орындау үшін сынып базасында құрылған жұмысшы топтардың іс-әрекетін ұйымдастыру түрін айтады. Топтық оқытудың басты мақсаты – оқушыларды шағын топтағы бірлескен жұмысқа тарту. Топтық жұмыстар – оқушылардың танымдық қызмет үдерісіне көтеріңкі көңіл-күймен қатысуын, зерттеу тақырыбын түйсініп, терең зерделеуді, алынған білімнің тұтастығы мен оқушылардың танымдық белсенділігін қамтамасыз етеді.

Дәстүрлі ұйымдастырылған оқу үдерісіне қарағанда, топтық жұмыс арқылы оқыту үдерісінде оқушылар көп мағлұмат алады, ойын үдерісінде жағымды эмоциялар алып, белсенділігі артады, сөздік қоры дамиды жеке тұлғаның қажеттіліктері қанағаттандырылады.

Дұрыс ұйымдастырылған топтық жұмыс – командада шығармашылықпен ынтымақтастықта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Бұрын әркім өз бетінше ізденіп жұмыстанып, белсенді балалар нәтижеге жетіп отырса, көмекке зәру бала өз ойының дұрыс бұрыстығына көз жеткізе алмай білмеген күйде қалып отырды. Топта оқушылар өз даралығын жоғалтпайды, қажетті жағдайда олар бір-бірінен көмек сұрап, ортақ міндеттерді шешеді.

Топтық жұмыс барысында топтасып постер дайындау, бірлесіп тапсырмаларды орындау, ресурстарды талдау жұмыстары барысында бір-бірімен ой бөліседі, өзінің білмегенін талқылау барысында тыңдау арқылы біледі, естігеніне қорытынды жасап, жүйелі талқылауға қатысады, бағалап, талдап, өз пікірлерін білдіре алады және бәрі бір тоқтамға келіп, берілген мәселені бірлесе отырып шешіп, оны қорғауға өз үлестерін қосады, тұжырым

шығарады.

Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін, танымдық процестерді дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.

Топ – қазіргі адамның қоғамдық өмірін ұйымдастырудың басты тәсілі, оның ажырамас қасиеті болып табылады.

Топтық жұмыс өзінің барлық белгілері көрініс табатын оқу ынтымақтастығының идеалды моделі болып табылады

Топтық жұмыс дәстүрлі сынып-сабақ жүйесіне қарағанда оқушылардың бір-бірімен байланысын құруға мүмкіндік береді. Олар жеке жұмысқа қарағанда топтық жұмыста тапсырмаларды жақсы орындайды және сабақтағы психологиялық микроклимат жақсарады.

Топтық жұмыстың педагогикалық құндылығы – оның жалпы бала тұлғасын қалыптастыруға, оның ақыл-ой қабілеттерін дамытуға жағымды әсер етуінде.

Қазіргі мектепте топтық жұмыстарды ұйымдастыруды оқу үдерісін жандандыру және жылдамдату үшін пайдаланады.

Ғалым Шаталов топта жұмыс істеудің “сабақта қияр тұздау” сияқты әдісін ұсынады, яғни тұзды суға түскен қиярдың тұздалатыны секілді топтық жұмысқа қатысу арқылы білмегенін үйрену. Топта жұмыс істеу механизмін іске дұрыс қосқанда, оқушының білмегенін білуге ұмтылысы нәтижелі болады. Топтық жұмыстар тиімді әрі көңілден шығу үшін жақсы ұйымдастыру қажет. Ол үшін:

- Топтардың құрамын жиі өзгертіңіз, әрбір оқушы қалған барлық оқушылармен жұмыс жасай алатын болсын. Оқушылар тек өз достармен ғана жұмыс жасамауы керек. Ұлдар мен қыздардан немесе ұлты әр түрлі балалардан құралған аралас топтың жұмысы жақсы нәтиже көрсетеді. Топтың құрамын әр түрлі етіп өзгертуге болады.
- Әрбір топ мүшелері өз ролін толық түсінгенін біліңіз. Мысалы: 1 нөмірлі сен хатшысың, 2 нөмірлі сен реттейсің деген сияқты т.б.
- Оқушылар басқалардың да өз пікірін айту құқығын сыйлауы керек.
- Оқушылардың барлығының жұмыс жасауына назар аударыңыз.
- Жұмысын ерте бітірген оқушыларға жеке тағы да тапсырма беріңіз.
- Топпен жұмыс жасау барысында оқушылар бір-бірін қорқытуы мүмкін. Мысалға сен мені қошта, болмаса маған 5 қой деген сияқты. Сондай бұзақылық жағдай болмау үшін бұзық оқушыларыңызға төреші, хатшы, реттеуші боласың деу керек.
- Топпен жұмыс жүргізгенде жұмыс шуы болады. Ол үшін жұмыс жасау барысындағы шу мен күнделікті болатын шуды айыра білуіңіз керек.
- Мұғалім – бақылаушы қызметін атқарады.

- Оқушылардың мәселелерді толық талқылап жатқанын бақылау.
- Топқа бөліп жұмыс жасату ойын емес, бұл проблеманы, мәселені шешудің бірден – бір жолы екенін оқушыларды топқа бөлерде ескертіп өту қажет.
- Топтық жұмысты жариялау кезінде тақтаға шығып сөйлеу қажет. Себебі, барлық оқушының назары сол баяндамашыда болады.

Топпен жұмысты барлық сыныпта қолданғаннан гөрі бір сыныпта жүргізіп, балаларды жаттықтырып алған жөн. 1. Топтың көлемі. Ресми топ салыстырмалы түрде үлкен болмау керек деген пікір бар. Кит Девис топтағы адамдар саны бесеу болу керек деп есептейді. Ральф Дэвис бойынша тамаша топ 3-9 адам. 3. Топтық

- нормалар. Топ басшылары топтың өзге мүшелеріне қарағанда өздерін басқаша сезінеді. Оларда топтық қызығушылықты бағындыратын топтық рух басым болады.
- 4. Топтық сананы құру амалдары:
- 2. Топтың құралы. Құрылу кезінде топта ұқсамайтын тұлғалар болу керек, бұл үлкен тиімділікке әкелуі мүмкін. Көптеген көзқарастар және қабылдаулардың көмегі өз жемісін береді.
- Топтардың тиімділігіне ықпал ететін факторлар:
- мақсатқа сенімділік;
- мүшелердің бір-біріне сенімділігі;
- жетекшіліктің оңтайлы стилі;
- басқаруға қатысу. Топтық уақыт өткізудің мәні мен жалпыға ортақтығын Д.Картрайттың және А.Зандердің мына сөздері дәлелдейді: “егер ... болжамдық марстық адам Жерді бір қарап шықса, ол, мүмкін, жер адамдарының бір нәрсені топта жасап, өз уақытының сонша бөлігін бірге өткізетініне таң қалатын шығар?” Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оларды жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.
- Г.А. Цукерман әлемде жүргізілген зерттеулерді жалпылау кезінде, топтық оқу іс-әрекетіндегі келесі мәселелерді көрсетеді:
- Бүгінгі таңда топтық жұмыс оқыту үдерісінің тиімді тәсілдерінің бірі деп есептеледі. Ол сабақта табиғи тілдік қатынас жағдайын құруға әсер етеді, оқушыларды оқу үдерісіне белсенді қатысуға еріксіз тартады, ынталандырады, оқып-үйренуге деген қызығушылығын тудырады. Сондай-ақ, топтық жұмыс оқушылардың өздерін сенімділікке тәрбиелейді, өзін-өзі ортада ұстай білуге, бірін-бірі тыңдауға, сыни ойлануға, пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінуге үйренеді, өз пікірін айтуға құқығының бар екенін сезінеді.

- Сынып-сабақ жүйесінің жалпыдан жеке және топтық формаға өтуі мода емес, бұл заман талабы.
- балалардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық деңгейі өседі;
- оқушылар арасындағы өзара қатынас сипаты өзгереді;
- оқушылар маңызды әлеуметтік дағдыларға ие болады: әдеп, жауапкершілік, басқалардың позициясын есепке ала отырып, өз мінез-құлқын қалыптастыру іскерлігі,
- қарым-қатынастың гуманистік түрткілері;
- мұғалім топқа бөлуде балалардың өзара бейімділіктерін, олардың дайындық деңгейлерін, жұмыс қарқындарын есепке ала отырып, оқытуда дараландыру мүмкіндігін алады.

Қазіргі заманғы оқыту мектептен, яғни мұғалімнен оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығын қорғауды талап етіп отырғандықтан, іс-әрекетті ұйымдастырудың топтық формасы тәжірибесі өзекті әрі болашақта дамушы болып есептеледі. Олардың бастамашылдығын, дербестігін қолдау, баланың мектепке келуіне байланысты бірлесіп, серіктесіп жұмыс істеу, басқалармен тығыз қарым – қатынаста болу дағдысын қалыптастыру, өзіндік таңдауға үйрету қажет

Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны**КОДАРОВА ШОЛПАН КАЛИЕВНА**

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы “№28 жалпы білім беретін мектеп” КММ.

Бастауыш сынып мұғалімі

Өмір – бұл ағын су секілді, бір орында тұрмайды, яғни жылдар жылжып, уақыт өтеді. Уақыт өткен сайын қай салада болмасын дүниенің бір жаңалығы орын алып жатады. Сол жаңалықты тосырқамай, жақсы - жаманын саралап қабылдай білу керек. Өмірді ағын суға теңесек, білімді - теңіз, мектепті – кеме деп қарастырамыз, ал мұғалім – сол кеме капитаны деуге болады. Кеменің тереңге батпай, дұрыс бағдармен жүруі мұғалімге байланысты.

Елбасымыз: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі» деп атап көрсетті. Сонымен қатар, Қазақстан 2050 стратегиясында: «Біріншіден, барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие. Біз Ұлттық білім беру саласының барлық бөлімдерінің сапасын жақсарту үшін көп жұмыс істедік. Негізгі мектеп үшін, барлық мектептердегі оқыту стандарттарын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің деңгейіне дейін жақсарту қажет. Жоғары мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеріп шығулары тиіс. Оқытудың нәтижесі сын тұрғысынан ойлау, өздігімен зерттеу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгерту тиіс» делінген. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін, елдің айбынды болашағы үшін заман талабына сай сапалы білім қажет. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы ғылыми – техникалық әлеуетін жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу инновациялық дамудың негізгі көзі.

Білім мен ақпарат дамыған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Білім берудің негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген. Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген.

Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады.

Елбасымыздың жолдауында айтқандай: Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын күдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Ата-бабамыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болады, нәтижеге жетеді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты - білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған. Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру - сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Заманауи мектептердің мақсаты - жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұрғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ

дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады.

Мектеп бағдарламасына кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді. Жаңартылған білім беру мазмұны білім салалары бойынша анықталған күтілетін нәтижеге негізделеді. Күтілетін нәтижелер оқушы жұмысы мен оның жетістігін бағалауға мүмкіндік береді, әр оқушының жеке даму траекториясының дамуын нақтылауға жағдай туғызады. Сонымен қатар білім, білік дағдыларының дамытуға уәжін арттырады.

Оқу үдерісінің сапасын жақсартады. Сол себепті, оқыту нәтижесін мониторинг жасаудың жаңа формасы енгізіледі, яғни критериалды бағалау жүйесі. Оқыту мақсаттарына жетуде жетістік критерийлерін құрастыру және қолдану – бұл білім берудің

мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу - танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі. Ең бастысы – оқу үрдісінің өзі, жетістік критерийлері арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді. Бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны белгілі болады. Білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу - танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім үрдісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерийлермен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстырылады.

Жаңартылған бағдарламаларда барлық білім беру деңгейлері «Мәңгілік Ел» идеясына негізделген. Мектептегі білім беру мазмұны академиялық пәндер, зерттеу және сыныптан тыс әрекет, қосымша білім беру негізінде жүргізіледі. Идеяның мазмұны – оқушыларды рухани- адамгершілік тұрғыдан, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, толеранттылық пен ұлтаралық жағдайда қарым-қатынас жасай алуға үйрету болып табылады.

Бұл жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның негізгі қағидаты - коммуникативтік тәсіл арқылы оқушының тіл туралы, ұлттық және жаһандық мәдениеттің маңызы туралы түсінігін кеңейте отырып, қазақ тілін табысты үйрету. Бүгінгі таңда білім беру саласына түбегейлі өзгерістің қажеттілігін ескерсек, реформаның басында тілдік пәндердің тұру себебін бағдарламада көрсетілген мына жолдармен түсіндіре аламыз: «...Әрбір оқушы үшін тіл – негізгі білім құралы. Оқушылардың тілдік қарым-қатынасы өздері өмір сүріп отырған және білім алатын орта арқылы жүзеге асады. Тілді жетік меңгеру ұлттық құндылықтарды түсінетін, әлемдік деңгейде жаңа өзгерістерге бейім, жаңашыл жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді». Осы орайда, ғалым - жиһанкез Шоқан Уалихановтың «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деген екен. Олай болса, тәуелсіз еліміздің үшінші жаңғыру дәуірінде бүгінгі ұрпақтың өмір сүруі үшін қажетті білім дағдыларымен және қасиеттермен қаруландыру - мұғалімдер үшін ынталандырушы күш болып табылады. Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымы болып табылады:

1. Пәннің маңыздылығы;
2. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
3. Үштілділік саясатты іске асыру;
4. Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
5. Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер;
6. Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет;

7. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі;
8. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
9. Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
10. Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

Бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тапсақ, егемен елдің ұл- қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзімнің бар күш жігерімді салып, еліме пайдамды тигізіп жатсам, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын. Негізінен жаңартылған білім беру жүйесі құзыреттілік және сапаға бағытталған бағдарлама екендігіне көз жеткіздім.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле

бастауы көңілді қуантады. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді.

Қорыта айтатын болсақ: Әр уақытта бала білімін алға қоюшы ұстаз үлкен көрсеткішке қол жеткізу жолында талмай талаптанып, шаршамай еңбектенеді. Сол кезде ғана еліміз көкке шарықтап, басқа елге елді танытады. Елді өсіретін де, елді өшіретін де – білім. Сондықтан қолда бар амалдарды тиімді пайдалана білу сіз бен біздің үлесімізде. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін жаңаша оқытатын жаңа көзқарасты ұстаз болайық.

Абай шығармаларын бастауыш сыныпта оқытудың тиімді әдістері

БЕКТИЛЕУОВА ЗАУРЕ КУЗЕНБАЕВНА

*Маңғыстау облысы Ақтау қаласы №28 жалпы білім
беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

Бүгінгі білім мен техниканың қарыштап дамуы оқушының тұлғалық жетілуіне түрткі болуда. Жеке тұлғаның қажетін өтеуде мұғалім өзінің пайдаланып отырған отырған әдістеріне рефлексия жасай отырып, жетілдіре білуі қажет, сол жағдайда ғана білім мазмұнын меңгеріп, алдымыздағы шәкірттің тұлғалық шығармашылық жетілуіне мүмкіндік жасаймыз.

Абай шығармаларының оқытуда ең тиімді әдіс-тәсілдің бірі сын тұрғысынан ойлау. Өйткені сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы көп електен өткен, әлемдік білім берушінің бірлескен еңбегінің нәтижесі. Жоба педагогика саласында өзіндік із қалдырған, ұлы педагог Ж.Пиаже, Л.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының, мінез машығына, назар аудара отырып. Тақырыптан ерекшелігі оқушылар сабақ барысында, Абай шығармаларының тақырыбы мен идеясы мазмұны, тіл ерекшелігіне немесе лирикалық кейіпкерге сын тұрғыдан қарап саналы шешім қабылдауға үйренеді. Қабылдаған шешімді дәлелдей білу, пікірін қорғай білу, басқаның пікіріне құрметпен қарау сол басты қағида. Мұғалім кез келген әдіс тәсілде оқушыға сенім арта отырып, олардың ой ұшқырлығы мен тіл көркемдігіне, мінез машығына назар аудара отырып тақырыптан ауытқымай отырып жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Егер мұғалім оқу үрдісі барысында жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқушы шығдалып, белгілі бір жетістікке жетері сөзсіз.

Абайдың «Күз», «Қыс» сияқты өлеңдерін оқығанда, бастауыш сыныптардағыдай жыл мезгілдерінің әр түрлі белгілерін, табиғат көріністерін айту үстірт түсінік тудырмаса керек. Абайдың өзі табиғат көрінісі және жер бетіндегі тіршілік атаулының (адам, өсімдік,

оның әлеуметтік халі т.б.) бәрін де тұтастық калпында сипаттап тұр. Ол тұтастықты даралап ыдыратқанда әрбір жеке ғылым саласының үлесінен (өсімдіктану, жаратылыстану, тәнтану, әлеуметтану, саясаттану, география, тарих, сурет т.б.) екені байқалады.

Сондықтан кейбір материалдың мазмұнындағы бірден көзге түсетін бөлікті екінші пәннің үлесіндегі жеңіл бір ұғым, мазмұнмен байланыстырып, интеграциялық сабақ өткіздім деу қисынсыздау болады.

Бұл түрдегі байланыстың іске асырылуы мұғалімнен үлкен міндет пен жауапкершілік, сабаққа мүлтіксіз дайындықпен келуді талап етеді.

Мектепте оқылатын оқу пәндеріндегі бай мазмұнмен оның күрделі құрылысы оқу ісінің аса жауапты, қат-қабат қиын екенін көрсетеді. Сондықтан да мұғалімнің мамандық дайындығының жан-жақты, биік дәрежелі болуы өте қажет.

Абай шығармаларының табиғаты кешегіні айта отырып, бүгінгі күннің барысына жөн сілтейді. Кешегі айтылған Абай сөзі бүгін өз құнын жоғалтпақ түгіл, ол құндылық пен оған деген мұқтаждықты еселеп арттырғандай болады. Сондықтан да бұл жердегі интеграциялық байланыс мұғалімнің білімдік-әдістемелік дайындығын қалайды.

Абай өлеңдерінің терең мазмұнына бойлау үшін сабақты интеграциялық байланыста жүргізу бірден-бір тиімді әдіс болып табылады.

Мәселен, «Интернатта оқып жүр» өлеңін оқытқанда оқушылардың 5 сыныпта оқыған «Интернат наны» (Ш. Мұртаза) мәтінімен байланыстыру арқылы кең ұғым беруге болады. Осы тұста тарихи жағдай ықпалын да сөз ету керек. Әсіресе, Абай өлеңдерін оқытқанда, тарихи жағдайға соқпай өтуге болмайды.

Ақын өлеңдері өз заманының шындығын бейнелейді. Оны жалаң күйде бүгінгі ұғым, түсінікпен айту өлеңнің ішкі мазмұнын жоғалтады. «Интерната оқып жүр» өлеңіндегі «Ойында жоқ олардың шарифатқа шаласы» – деген жолдар Абай заманындағы ел арасының бүліншілігінен хабар береді. Сол тұстағы білім алудағы тар ұғым, түсініктің қалыптасқанын аңғартады.

Оқудағы мақсат арыз, шағым жаздыру, сот ісінде бедел көтеру, біреуден есе қайтару дегендерге саяды. Мұның өзі отаршылдық алып келген саясат салдарынан қазақ елінің ішкі жағдайының өзгеруін көрсететінін ашып айту керек.

Абай білім алудың мақсаты бұлардан әлдеқайда жоғары екендігін айтатынын ұғындыра отырып, әңгімені бүгінгі жағдайға бұрған орынды.

«Нан таппаймыз демейді,

Бүлінсе елдің арасы» – деген сөз бүгінгі қоғам құрылысы бір түрден екінші түрге ауысып, жер жүзінде идеялық түсініктерге өзгеріс еніп жатқанда халық көріп отырған қиындықты жеңу жолы – ел арасының бірлігі деген ұғымды биіктету және ел бірлігі деген түпкі тек сонау түркі қағанаты болып құрылғаннан бері келе жатқан мызғымас тұрақты ұғым екендігін ұрпақ көзқарасы мен дүниетанымына негіз етіп қолдану керек. Ол үшін өлеңнің негізгі ой-түйіні ретінде көрінетін тұсын анықтап, ол бойынша түрлі-түрлі жұмыстар жүргізу қажет.

Абай Құнанбаев шығармаларын оқыту бастауыш сыныптардан басталып, орта буында, жоғары сыныптарда түгел қамтылады.

Абай шығармаларын бастауыш сыныптарында оқытқанда, оқушылардың ассоциациялық ойлауы мен қиялын дамытатын әдіс-тәсілдер пайдалану орынды деп есептейміз.

Мысалы, Абайдың табиғат лирикасынан «Күз» өлеңін оқытқанда мына тектес сұрақтар беруге болады.

1. Күз сөзі көз алдымызға қандай көріністерді елестетеді?
2. Күз сендерге қандай сезім-күй туғызады?
3. Күз қандай түсті елестетеді?

Сұрақ, тапсырмаларға берілген жауаптарды жинақтап, оқушылардың дәптерлеріне немесе тақтаға еркін жазу, яғни оқушы жауаптары бойынша жүйесіз жазып шығу керек. Жинақталған «ым» – түсініктерден оқушы өз ассоциациясындағыларын бөлек теріп жинақтайды, оларды топтастырып шығуға болады.

«Қыс» мезгілін оқытар алдында берілген сұрақтарға «қар», «қырау», «аяз», «үскірік», «шаңғы теуіп жүрген балалар», «сырғанақ», «аяз ата», «шыршаны жағалай айналған балалар», «жаңа жыл», «қатып жатқан сулар, өзендер», «қар үстіндегі адам іздері» алуға болады. Қысты оқушылардың барлығы бірдей ақ түсті табиғи деп таниды.

Көктем белгілеріне қатысты қойылған сұрақтарға «қар ериді», «жаңбыр», «үйлердің шатырына қатқан мұздардың еріп, тамшылап тұрғаны», «8 – наурыз», «құстар жылы жақтан оралғаны» «ағаштар гүлдейді», «жан-жануар ояна бастағаны», «дән егіп жатқан диқаншы» сияқты жауаптар қайырады. Оқушылар көктемді әр түрлі түспен елестетеді. Бір оқушы жасыл түсті, біреуі қызыл қызғалдақ түсін елестетеді. Мұндай жұмыс түрлерін ұйымдастырудағы басты мақсат оқылатын шығарманы дұрыс, өз дәрежесінде қабылдауға жағдай туғызу, оқушы қиялын ұштау болып табылады.

«Күз» өлеңінде Абай бұлттың түсін неліктен басқаша қолданбай, (қара бұлт, ақ бұлт, ақша бұлт, т.б) «сұр бұлт тіркесімен берген? немесе «дымқыл тұманның ерекшелігі қандай?» деген сұрақтар табиғат ерекшеліктерін тереңдей ұғуға әрі жете түсінуге жетектейді.

Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма,

Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,

Жастар күлмес, жүгірмес, бала шулай, – деген жолдарға назар аударта оқыту оқушы ойын, ассоциациялық қиялын күз көріністерімен толықтырады, жаңа ұғым, түсініктерге, сезімге ойыстырады. Өлеңнің келесі жолдары сол ұғымдардың бояуын қанықтырып, өлеңнің әлеуметтік мәнін түсініп қабылдауға жол ашады.

Оқушы санасында Абай бейнелеген күздің тұтас суреті орнығады.

Оқыту жұмысының нәтижелі болуы оқыту әдістерін үйлесімді етіп таңдап ала білуге байланысты. Себебі оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақ. Ал сабақтың мақсаты мұғалім мен оқушының ұжымдық, шығармашылық еңбегі, сондай-ақ сабақта оқыту мен тәрбиенің міндеттері, мақсаттары жүзеге асырылады, оқушылардың ой - өрісі кеңіп, қабілеті шыңдала түседі, өмірге деген көзқарасы қалыптасады.

Қорыта айтқанда, ұлы Абайдың шығармаларын бастауыш сынып оқушыларына үйрету барысында ең қажетті сыналған әдістемелерді пайдаланып, оларды әрбір сабақта жаңалап, жетілдіріп отыру, әрбір тақырыпты өтуге творчестволықпен қатынас жасау бүгінгі күннің ең зәру мәселесі болып табылады. Себебі жастарымыздың дүние танымына, дүниеге көзқарасын қалыптасыруда, олардың заман дәрежесіндегі азамат болып өсуінде, биік интеллектуальдылыққа, «толық, кәміл инсан» болып жетілісуінде, олардың бойындағы эстетикалық талғамының ұштала түсуінде ұлы Абайдың шығармалары бірден бір рухани азық болып табылады.

Көркем еңбек сабақтарында ұлттық ою-өрнектерді оқыту әдістері**МАМБЕТКУЛОВА АСЕМГУЛЬ КАМАЛЖАНОВНА***Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы,**№7 Хромтау мектеп-гимназиясының көркем еңбек пәні мұғалімі*

Қазақ халқы өнерлі халық болғандықтан, өнерін жоғалтпай өзінің ісін, өмірін жалғастыратын шеберлі өнерлі ұрпақ тәрбиелеп өсірген. Ал қазіргі күнде жастарды өнерге, шеберлікке үйрету, ұлттық тәрбие беру технология пән мұғалімдеріне жүктелген. Халқымыздың сарқылмас бай қазынасы, рухани мұрасы болып табылатын қазақ қолданбалы өнеріне деген алғашқы негізі, ұлттық мәдени құндылықтарға баулу ісі мектептегі бейнелеу өнері пәнінен басталатыны белгілі. Осы тұрғыдан бейнелеу өнері пәнін мектепте оқытудың негізгі мақсаты қоршаған орта әсемдігін көру, сезіну, қабылдау қасиеттерін қалыптастыру, эстетикалық талғамын, шығармашылық қабілетін жетілдіру, көркемдік қаракеттерді өз бетімен орындауға үйрету болып табылады. Қазіргі таңда мектеп оқушыларын еңбекке тәрбиесіне баулу арқылы өз ұлтымыздың ұлттық қолөнеріне үйрету – оқу тәрбие үрдісінің өзекті мәселелерінің бірі болып келеді. Қолөнерге оқушыларды баулу өз елін, жерін, халқын сүйу, салт-дәстүрін бағалай білуге үйретеді. Қай халықтың болмасын қолөнері, оның тарихынан, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен қатар өркендеп, дамиды. Сондықтан жас жеткіншектерді халқымыздың мазмұнға бай тәрбиесі негізінде өсіруге, ой-өрісін, жоғары эстетикалық тағлымын, биік адамгершілік тұлғасын қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді. Қолөнерді жасап байыту арқылы адамның жан дүниесі, ақыл-ойы, қиялы, іскерлігі, шеберлігі, тапқырлығы, талаптылығы, ұқыптылығы және байқағыштығы артып, дағдыландырады. Қолөнерді оқыту әдісі дегеніміз — мұғалімнің технология сабақтарында оқушылардың шығармашылық іс-әрекетіне басшылық ету тәсілдерінің жүйесі. Қазақ халқының ұлттық өнерін, тарихын көптеген ғалымдарымыз Ә.Марғұлан, Ө.Жәнібеков, Х.Арғынбаев, С.Қасиманов, Ғ.Иляев, А.Ғалымбаева, А.Мұқанов және т.б. зерттеп көптеген еңбектерін жарыққа шығарған. Еңбек сабақтарында оқушыларды қолөнеріне баулу және сәндік қолданбалы өнер негіздері бойынша М.Қозыбақов, Ш.Әбдуалиева, С.Жолдасбекова, Б.Ортаев, т.б. зерттеу жұмыстарын жүргізген. Технология сабақтарында халқымыздың қолөнерін үйрету арқылы оқушыларға ұлттық дәстүрге тәрбие берудің артықшылығы көп. Қолөнерге баулу, шығармашылықпен ұштастырып білім беру, еңбек етуге баулумен қатар ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрге тәрбиелеу қазіргі заманның талабы.

Қолөнерге қызықтыру үшін кез келген бұйымның, туындының жасалу құпиясын, тарихын ашып көрсетсек, қосымша әдебиеттерден мағлұматтар берсек қайталанбас ерекшеліктерге толы жасалу технологиясымен таныстырсақ оқушы шығармашылықпен іске кіріседі.

Қазақ қолөнер көркем мәдениеттің бір бөлігі болып табылады. Бұл өнер ежелгі дәуірден бастап бүгінгі күнге дейін тұрмыста қолданып келеді. Қазақтың ұлттық өнерімен таныстыру негізінде бала айналадағы дүниенің қимыл-қозғалыстарының алуан түрлі реңін түсінеді. Балалардың өнер туындыларымен бірге үнемі байланыста болуы рухани-өнегелік, эмоционалдық-сезімдік дамуының және шығармашылық мүмкіндіктерінің қалыптасуының негізгі тірегі болып келеді. Оқушылар бейнелеу өнері, ән-күй; құрастыру және қол еңбегі, көркем әдебиет сабағында және ертеңгілік-тер мен ойын-сауықтар барысында халқымыздың ұлттық өнерімен танысып, көркем талғамын, өзіндік дүниетанымын қалыптастырады. Қазақстандағы мектеп оқушыларының көркем мәдениетін қалыптастыруда ұлттық өнердің ерекшеліктері мынадай міндеттерді алға қояды:

— қолданбалы және бейнелеу өнерінің мәнерлеу тілін меңгеру арқылы қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыру;

— қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыда бағалауға қажетті білім қалыптастыру;

— бейнелеу өнері сабақтарында оқушының шығармашылық қарекеттерінің потенциалын жетілдіру;

-оқушылардың ұлттық өнерге деген мақтаныш сезімі мен елжандылығын қалыптастыру. Оқушыларға халық шеберлері-ағаш шебері, ұста, зергер, тоқымашы, кестеші, өрмек тоқушы т.б. таныстыра отырып, олардың қолынан жасалған бұйымдар туралы мағлұмат беру балалардың білім деңгейлерін жетілдіре түседі. Қазіргі кезде сол ұлттық қол өнерді жас ұрпақтың бойына дарытын, үйрететін мектептерде жүргізілетін еңбек пәні. Олай болса «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген халық даналығын басшылыққа алып, жас ұрпақты тәрбиелеуде, дамытуда, қалыптастыруда халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбие құралдарын (тіл, дін, өнер, үлгі-өнеге) орнымен пайдалану бүгінгі күн үшін де өте маңызды.

Балалар ағаш шебері ағаштан түйін түйетінің, ұста темірден жасалатын бұйымдарды соғатынын, зергер әшекей бұйымдарды жасайтынын, тігінші киім тігетінін жөнінде мағлұмат алып, ұлттық бұйымдардың жасалу ерекшеліктерімен танысады.

Еңбек арқылы адамның денесі, көзқарасы, эстетикалық және ақыл – ой деңгейі дамып, жетіледі, еңбектің мәні және құндылығы арта түседі.

Балалар мен жастардың еңбек тәрбиесі ежелден – ақ ата – ана парызы, бүкіл халық міндеті болды. Қайсыбір қолөнер шеберін алсақта олар өздерінің жасаған бұйымдарын түрлі ою-өрнектерімен әшекейледі. Әдемілік пен әсемдікке құштарлық адамзатқа тән. Көркем бұйымдар мен зәулім ғимараттар — көз қуанышы. Ол жанды сергітеді. Ежелгі адамдар жын – шайтаннан қорғану және өзін — өзі сәндеу үшін тәндерін нақыштап, киімдерін әшекейлеп, үйлеріне тұмар іліп қоятын. Осының нәтижесінде ою — өрнек пайда болды. Ою — өрнек латынның «ornamentum» сөзімен мәндес. Оның аудармасы әшекей, өрнек, бедер деген мағынаны білдіреді. Көшпелі қазақтар табиғаттың әдемілігіне сүйсіне отырып, өз айналасының сұлулығына аса мән берген Қолөнерден білім берудің әрбір түріне тоқтайтын болсақ : Құрақ-құрау өнері Бүгінгі күнде ата-бабамыздың айналысқан қандайда бір кәсібі болмасын өз маңызы мен қасиетін жоймаған. Қайта түрленіп қазіргі заман талабына сай ерекшеленіп отыр. Құрақ құрау барысында оқушылардың ой-өрісін жанжақты дамытуға әсері мол. Құрақ құрауда оқушылар түрлі геометриялық фигураларды басын құрастыруды игеріп , үшбұрыштың қабырғасы мен төртбұрыш таңбасының бір-біріне тең болуын, өлшемі арасындағы байланыстылықты есептеуді үйренеді. Ою өрнек — қолөнер бұйымдары бүгінгі тұрмысымызда сирек қолданылатындықтан, оқушылар оның атын естігеннен көп есте сақтамайды, сондықтан оюдың шығу тарихын, аңыз- әңгімелер арқылы жеткізе отырып, тәжірибиеде жиі қолдануымыз керек . Ою оя білген оқушы шеберлікке, өрнекті матаға үйлесімді, сәйкесті орынды қолдануға үйренеді. Ертедегі қазақ оюларын мазмұны жағынан іріктесек, негізінен 3 түрлі ұғымды бейнелейді. Олар: біріншіден, мал өсіру мен аңшылықты, екіншіден, жер — су, көшіп — қону көріністерін, үшіншіден, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін береді. Шеберлер іске беріліп, жұмыс әдісіне төселе келе өздерінің көрген ою — үлгілерін жатқа жасап, оюға өз бетімен жаңа түрлер енгізу дәрежесіне жетті. Ою- өрнек жасауда өзіндік қағидалары бар. Олар: композиция, колорит, симметрия, ритм. Композиция дегеніміз өрнекті бұйымның бетіне реттеп орналастыру. Колорит дегеніміз ою- өрнектің бояу түрлерінің бір-бірімен үйлесіп, жарасым табуы. Осы жерде әр түстің нышаны бар. Мысалы, көк түс — аспанның, қызыл түс — оттың, ақ түс — ақиқаттың, сары түс — ақыл-парасаттың, жасыл түс — жастықтың, көктемнің символы. Симметрия дегеніміз — ою- өрнектің екі жағының тең болуы. Ритм дегеніміз ою-өрнекте бір элементтің қайталанып келуі деп атайды. Кесте — қазақ халқының қолөнерінің ерекше түрінің бірі . Ертеде халқымыз киімде, үй тұрмысында қолданатын бұйымдарының бәрін кестемен әшекейлеп безендірген. Бүгінгі күнде кесте өнерін ұлттық киімдерде және ұлттық бұйымдарында ғана қолданылады.

Кесте тігу барысында төзімділікті, шыдамдылықты талап етеді және адам бойына, әсіресе, бойжеткендерге сабырлы, ұқыпты, зерделі мінез-құлық қалыптастыруда кесте өнерінің тигізетін пайдасы көп деп айтуға болады. Кесте және көркемдеп тігу ою — өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқан элементтерінің басты түрі. Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халықтарға да ортақ өнер. Кесте өнері нағыз халықтық, алуан әдісті, таңдауы көп өнер. Кесте өнерінің қазақ халқына тән байырғы көне түрлері: біз кесте, айқас тігу, айқыш — үйқыш тігу, басып тігу, қайып тігу. Біз кестенің шым кесте және әредік кесте деп аталатын екі түрі бар. Тоқу өнері — қазақ халқының ежелден қолданып келе жатқан ең алғаш киімі мен үй жабдығының негізі болған. Бұл тамаша өнер қазіргі талап тілектер тұрғысынан жасалып, жылылыққа, сұлулыққа, әсемдікке жетелеуде. Тоқумен айналысқанда адам жеке басына аса қажет нәрсені жасау үшін ғана тоқымайды. Осы тоқу әдісінің өзі оған қуаныш әкеледі. Себебі, түрлі- түсті бояулар әлемінің үйлесімділігі, алуан сән мен фасондар шеберлігін, ой-өрісін жетілдіріп, көркемдікті сезіну қабілетін дамытады. Тоқыма тоқу кезінде адамның көңіл-күйі сабасына түсіп, бір сәт өзімен-өзі болып, шаршағаны басылады. Әрі еңбек, әрі ермек. Оның үстіне мынадай қымбатшылық заманда өз киімін өз тоқып алса, ол да әжептеуір үнем. Әшекейлерді түсіре білу — үлкен өнер. Бұл екінің бірінің қолынан келе бермейді. Тіпті күнде ине ұстап, киім тігіп отырғандардың өзі әшекейлеуге келгенде шорқақтық танытады. Бұл заңды да, өйткені әшекей салу — өнер. Әшекейлеудің түрлері көп. Зергерлік — өте ерте заманнан келе жатқан өнер. Алтын — күміс әшекейлі бұйымдарды жасаумен әуестенушілерді зергер деп атау бүкіл Орта Азия халықтарында ерте кезден — ақ қалыптасқан. Қазақ шеберлер зергерлік өнерін біліп бірақ алтын — күмісті өздері қорытып, өндіре алмаған. Сондықтан оларды көрші орыс мемлекеттерінен сатып, айырбасқа алып отырған. Кесек күміс пен алтын оңайлықпен табылмағандықтан ол кездегі қазақ зергерлері көбінесе алтын, күміс ақшаларды қайта балқытып немесе ол күйінде пайдаланған. Олар — бұрау, көз салу, жону, бастыру, бедерлеу, өру, теру, кестелеу, сызу, құю, бояу, зерделеу, жапсырмалау, бисірлеу сияқты өрнек үлгілерінің үй тұрмысында, өнеркәсіпте, құрылыста, мәдениет саласында, сәулет өнерінде жалпы әлем өнерінің дамуында қолданылмайтын, іске аспайтын жері жоқ.

Соның ішінде көп кездесетін түрі — кестелеу, жапсырмалау, бисерлеу өнері. Бисер тоқу өнері ертеде кеңінен тарап, танылып келе жатқан халық шығармашылығының және әшекей бұйымдар дайындаудың бір түрі.

Бисермен жай суреттерден бастап өте күрделі түрлі-түсті жұмыстар жасауға болады. Мысалы, тұмарша, ұлттық сөмкелерді, әмиян, ұлттық қоржын, алқа, шашбау, қазіргі кезде ұялы телефондарға арналған қапшықтарды әшекейлеп тігеміз. Бисер тоқу өнері нәзіктікті, әдемілікті, шыдамдылықты және фантазия мен шеберлікті талап етеді. Әр адам бисер тоқумен айналысуына болады. Сызбамен жұмыс істегенде есте сақтау қабілеті жоғары болып, түстерді үйлесімді орната білуге үйретеді. Бисермен жұмыс істегенде жұмыс істейтін орын жарықпен жақсы қамтамасыз етілу керек. Көзге демалыс беру үшін 5-10 минут үзіліс жасау тиімді. Бисерді таңдау – үлкен жұмыс. Олардың өлшемдері, түстері әр алуан. Сондықтан тігілетін бұйымға байланысты маржан моншақтың қандай түрін, қанша мөлшерде алуды, қандай түсін таңдауды, тігілетін мата түрін, ине, жіпті тандай білу қажет. Қазақтың ұлттық қолөнерінде ағаштан көптеген заттар жасалады. Балташылар, ағаш ұсталары, ершілер қайыңды, үйеңкіні, үйшілер, ағаш ойып, шыбық өріп тоқушылар талды пайдаланады. Балташылар үй борады, еден төсеп, арба, шана, жақтау, қақпа, тіреу сияқты ірі заттарды істейді. Ағаш ұстасы стол, шкаф, сөре, орындық, кебеже, асадал, рамалар жасайды. Ағаш оюшылар оны жонып күйдіреді де бояулап өрнектейді. Шыбық өрушілер, тоқушылар қамыстан, шиден қорап, шыпта, орындық, шарбақ сияқты заттарды өреді. Адамзат қоғамының рухани және мәдени қорының қымбат қазыналарының бірі — халықтың қолөнері мен әдет-ғұрпы, қай халықтың болсын бітім тұлғасы, психологиялық, этникалық жан сезім белгілері оның қолөнер мен әдет-ғұрып, салт-санасынан көрінеді. Өткен ел тарихын, тұрмыс-тіршілігін ой елегінен өткізер болсақ, халық өміріндегі әдет-ғұрып, салт-санасының дамуы тарихи оқиғалардан кейін заманның өзгеруіне байланысты болғаны айқын. Мұны ұрпақ тәрбиелеу ісіндегі халықтық тәжірибе белгілерінен көруге болады. Бұл жағдай сабақтарда халық өнерін қазіргі мәдениеттің ажырамас бөлігі тұрғысынан, кәсіби өнермен өзара әрекеттестігі, ерекше типтегі шығармашылық тұрғысынан қарастырғанда ғана мүмкін болады. Сәндік-қолданбалы өнерге негізделген көркем-шығармашылық сабақтар мектеп оқушыларына белсенділік береді, бейнелі ойлауын, қиялдауын дамытуға ықпал етеді. Мәселен, халықтың сәндік-қолданбалы өнер туындыларындағы бейнелер мен ою-өрнектерде берілген оюлар, түйсіктер мен түсініктер, тұжырымдар, халықтың дүниетанымы жеке тұлғаның эстетикалық сапаларын жетілдіре түседі. Бояу түстері мен материалдың, бұйым формасы мен нақыштарының үйлесімділігі, олардың әсемдігі мен жарасымдылығы адамның ой ұшқырына әсер етіп, оның рухани жан дүниесін байытады.

Дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу тәжірибемнен**ИЗБЕРГЕНОВА ГҮЛШАТ АЙМУХАШЕВНА**

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы "№28жалпы білім беретін мектеп" КММ.

Бастауыш сынып мұғалімі

Алға қойған мақсатым - Тәуелсіз еліміздің ертеңгі болашақ тұлғаларын білім нәрімен сусындату. Талабы таудай, дарыны мол, іздепаз, жан жақты, өз идеясын жүзеге асыра алатын, шығармашылық дарыны мол бала тәрбиелеу. Білім негізі бастауышта деген сөз ді ескере отырып. Оқушылардың шығармашылық дарынын дамыту, Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырумыз қажет. Еліміздің ертеңгі болашақ ұрпақтарын білімді, жаңашыл, өмірден дұрыс жол таба білу үшін өздігінен Саналы шешім қабылдай білуге үйретуіміз қажет. Дарын дегеніміз адам бойындағы негізінен ана сүтімен, ата тегімен даритын құбылыс екенін өмір тәжірибесінде дәлелдеп отыр. Дарын ол баланың белгілі бір дүниеге психологиялық қабилеттілігі. Осы қабилетті дер кезінде Анықтап оны одан әрі дамыта білу ұстаздар еншісінде. Дарынды баланы анықтауда, дарынды бала ерекшелігі пәнге деген қызығушылығы өте жоғары. Есте сақтау қабилетті жақсы, сөздік қоры үлкен, пәндер арасындағы байланысты қабылдай алу және сәйкес тұжырымдар жасауы,

тез шешім қабылдамауы, немесе берген сұрағына ойланып толықтай жауап беру. Дарынды баламен жұмыс жүргізудің негізгі мақсаты: Өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту. Пәнге терең қызығушылығын арттыру. Оқушының әсерлік сезімін қалыптастыру. Оқушының деңгейін анықтау сайыстар, ойындар, кім жылдам, кім тапқыр ойындарын өткізу керек. Оқушының шығармашылық пен айналысуына мектепте, сабақ үстінде қолайлы жағдай жасау. Шығармашылық жұмысқа баулып олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу. Шығармашылық қабилеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытып отырамын. Оқушылардың жеке бас ерекшеліктеріне қарай қабилеттерін аша отырып ойын, қиялын дамыту, сөздік қорын молайтып, өз бетімен ізденуге, еңбектенуге дағдыландырып, жазу мәдениетін жетілдіру, өзіндік ой пікірлерін дамыту. Оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының белсенділігін дамыта отыру арқылы мақсатқа қол жеткіземіз. Міндеттері: Оқушының белсенділігін қалыптастыра отырып шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын Үйрету. Жан жақты ақпараттандыру. Жеке қабилеттеріне қарай ұжымдық жұмыстан бөлінбеуін қадағалап, қолдау көрсетіп, әр деңгейдегі жеке тапсырмаларды деңгейіне қарай бөліп беремін.

Әр баланың шығармашылық белсенділігін арттыру, түрлі деңгейдегі олимпиадаларға, сайыстарға, ғылым жобалар мен байқауларға қатысуларына қолдау көрсетемін. Менің Оқушыларға сенімділік көрсетіп, Іс әрекетіне ерік беріп, жігерлендіру. Адамгершілік қасиеттерін арттыру Өз ойын еркін айтуға бағыттау Ойы ұшқыр шығармашылық қабілеті жоғары, өмірге икемді, жан жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу. Баламен жеке сыйластық және сенімді қарым қатынас орнату. Дарынды баланың ерекшелігі Дарынды бала өзгеше және шапшаң ойлап, жауап береді Дарынды бала ішкі сезім жағынан өзгешелігі өте сезімтал, ықылас қойған нәрсесін, тақырыбын. Әр жерде негізгі мәселе етіп ұсынады. Дарынды баланың бойынан табылатын асыл қасиеттер өмірге құштарлық, биік ізгіліктің кілті мыңды жығатын білімінде. Дарынды бала әр түрлі күрделі тапсырмаларды шешуге дайын болады, олардың сөздік қоры бай және ойларын ерекше білдіреді. Әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытқа жетелеу әр ұстаздың міндеті. Дарынды балаларға ақын, жазушылардың өмірбаяндары туралы реферат жаздырып, өлеңдерін жаттатудан бастадым. Мақал-мәтел жаттау, өлеңдерін мәнерлеп оқуды үйреттім. Математикаға қызығатын балдарға ең бірінші менталды арифметикадан бастадым. Олардың жетістігі мен үшін қуаныш еңбегіңнің жемісі екенін сезесің Абай атамыз айтқандай «Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» дегендей, келекшекте де қоғамымызға өз пайдасын келтіріп, ұғымтал зерделі шәкірттерді тәрбиелеп, қанаттарын қатайтып ұшыру біз ұстаздардың парызымыз деп білемін.

Аммиак молекуласының моделі

КОЖАБЕКОВА САЛТАНАТ ОТЕМУРАТОВНА



Жамбыл облысы, Тараз қаласы № 59 орта мектебінің химия пәні мұғалімі

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: (VII), (VI), (VI), (IV)-топ элементтері және олардың қосылыстары Күні: Сынып: 9	Мектеп: Мұғалімнің аты-жөні: Қатысқандар: Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы:	Аммиак №12 зертханалық жұмыс. «Аммиак молекуласының моделі»
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.1.4.6 аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формуласын түсіндіру; 9.2.1.21 аммиакты алу және қасиеттерін қолданылуын түсіндіру.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формуласын жазады; Оқушылардың басым бөлігі: Аммиакты алу және қасиеттерін қолданылуын біледі; Кейбір оқушылар: Аммиактың химиялық қасиеттеріне теңдеулер жазады, есептер құрастырады.
Бағалау критерийі	Аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формуласын жазады; Аммиакты алу және қасиеттерін қолданылуын біледі; Аммиакқа қажетті теңдеулерін жазып, есептер құрастырады.
Тілдік мақсаттар	Термин сөздер: Габер процесі. Аммиакты су. Мүсәтір спирті. Аммиак газ. Аммиак көрсетеді.
Құндылықтарға баулу	Оқушылардың сыни және шығармашылықпен ойлау қабілеттерін дамыта отырып, оларды жеке және топпен жұмыс жасауға дағдыландыру
Пәнаралық байланыс	Геометрия (модель салуда) Көркем еңбек (модель жасауда)
Алдыңғы білім	7.1.2.3 металдар мен бейметалдарды физикалық қасиеттері бойынша ажырату; 7.1.2.4 элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу.

Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурс
Сабақтың басы	I Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу. («Шаттық шеңбері» әдісі. Сабақ басталар алдында қолданамыз. Оқушылар үлкен шеңберге тұрады, кезектесіп тілек айтады.) 2. Ұй тапсырмасын сұрау (оқушыларды «Санамақ» ойыны арқылы үш топқа біріктіріліп сұралады, 1 топ-«Шар» тобы; 2 топ-«Стержень» тобы; 3 топ-«Модель»). «Пазл» әдісі (ойлау дағдыларын дамытады; шапшаңдыққа үйретеді). Айналымдарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін реакция теңдеулерін жазып, X, Y заттарын анықтаңдар: $\text{N}_2 \rightarrow \text{NH}_3 \rightarrow \text{X} \rightarrow \text{Y} \rightarrow \text{HNO}_3 \rightarrow \text{AgNO}_3$ Дескриптор: -генетикалық байланысты шығарады; -белгісіз x, y заттарын табады; -шыққан өнімдердің атауларын атайды. Кері байланыс («Мен күткен жауап»; «Рахмет, жарайсың, сен сұраққа толық жауап бердің»; мұғалімнің жазбаша ескертпесі, түсіндірмелері). ҚБ. (Смайликтер арқылы бағаланады).	Плакат, түсті маркерлер
Сабақтың ортасы	Мұғалімнің түсіндірмелері: («Құрастыру» әдісі)  Аммиак. Құрылысы. Азоттың сыртқы энергетикалық қабатында бес электрон бар және оның үшеуі	Ермексаз, флипчарт, түрлі-

дара. Сол дара электрондар аммиак NH_3 молекуласын түзуге қатысады.

Ортақ үш электрон жұбы электртерістілігі жоғары азот атомына қарай ығысады. Молекула пирамида пішінді.




түсті
қаламдар,
шар
стержінде
р

Физикалық қасиеттері. Аммиак-суда өте жақсы еритін, өткір иісі бар түссіз газ. Бөлме температурасында бір литр суда 700 литр аммиак ериді. Бұл ерітінді аммиак суы немесе мүсәтір деп аталады.

Алынуы.

Зертханада аммиак алу үшін аммоний алу үшін аммоний тұздарына күшті сілтілерді қосады:



Өндірісте аммиак алу үшін сутекке азотпен тікелей әсер етеді:



Шарттары:

Өршіткі-кеуекті темір;

температура-450-500⁰С;

қысым-25-30 МПа;


Бұл Габер процесі деп аталады (неміс физигі осы әдістің физикалық-химиялық негізін ойлап тапты).

Химиялық қасиеттері.


Егер аммиак ерітіндісіне бірнеше тамшы фенолфталеин тамызса, таңқурай түс пайда болады, яғни сілтілік орта көрсетеді:



Аммиак пен ауаның қоспасының қопарылу қаупі бар. Бірақ аммиак тек таза оттеkte ашық жасыл түспен жанады:



Платина өршіткісін қолданғанда азот (II) оксиді NO түзіледі:



Қолданылуы.

Төмен қысымда (7-8 атм) аммиак сұйықтыққа оңай айналады. Сұйық аммиакты буландыру кезінде көп мөлшерде жылу сіңірілетіндіктен, сұйық аммиак түрлі суытатын құрылғыларда қолданылады.

Аммиактың суық ерітінділері медицинада және күнделікті өмірде қолданылады. Бірақ өнеркәсіпте өндірілген аммиактың көп бөлігі азот қышқылын, сондай-ақ басқа азотты қосылыстарды өндіруге жұмсалады. Олардың ең маңыздысы-азотты тыңайтқыштар, аммоний сульфаты, аммоний нитраты және несепнәр.



Зертханалық тәжірибеде қолданылатын қауіпсіздік техника ережелері:

1. Үшкір заттармен жұмыс жасағанда абай болу;
2. Топтық жұмыс жасағанда құрал-жабдықтарды шатастырмау;
3. Топтық жұмыс жасау ережесін сақтау.


№12 зерханалық жұмыс

«Аммиак молекуласының моделі»

Алдымен аммиактың құрылымдық формуласын құрастырындар. Молекулалардың сфералық модельдерін құрастыруға арналған жиынтықтан екі түсті шар алындар.

Шарлардың аммиак молекуласы үлгілерін жасандар. Аммиак молекуласындағы атомдар арасындағы химиялық байланыстардың санына назар аударындар.

3 топқа үш түрлі тапсырма береміз.

	1 топқа: ермексаздан аммиактың моделін жасау. 2 топқа: плакатқа аммиактың моделін салу. 3 топқа: шар стерженьді модельдерден аммиактың моделін құрастыру.  Дескриптор: - ермексаздан аммиактың моделін жасайды; - плакатқа аммиактың моделін салады; - шар стержінді модельдерден аммиактың моделін құрастырады. Кері байланыс («Өте жақсы»; «Рахмет, бәрі дұрыс»; мұғалімнің жазбаша ескертпесі, түсіндірмелері). ҚБ. («Бас бармақ» әдісі арқылы бағаланады).	
Сабақтың соңы	1-тапсырма. «Интервью» әдісі арқылы сабақты бекітеміз: 1. Аммиактың құрылысы қандай? 2. Аммиак қандай физикалық қасиеттерге ие? 3. Аммоний ионына қандай сапалық реакция тән? 4. Аммиак Жер атмосферасында кездесе ме? 5. Аммиакқа тотықтырғыш, тотықсыздандырғыш қасиеттің қайсысы тән? 6. Аммиактың күкірт қышқылымен әрекеттесу теңдеуін жазып, өнімді атаңдар. 7. Аммиак оттеkte өршіткі қатысында және қатысынсыз жанғанда қандай өнімдер түзіледі? 8. Аммиакты қандай мақсаттарда пайдаланады? 9. Қандай процестер нәтижесінде аммиак Жер атмосферасына енеді? 10. Қандай ғаламшарлардың атмосферасында аммиак болады? 2-тапсырма. («Сандар сөйлейді» әдісі) Массасы 100 г 20%-дық күкірт қышқылы арқылы қанша көлем (қ.ж.) аммиакты	

	өткізгенде: а)аммоний гидросульфаты; э)аммоний сульфаты түзіледі? (Жауабы: а)$V(\text{NH}_3)=4.48\text{л}$; э) $V(\text{NH}_3)=8.96\text{ л}$) Дескриптор: -есептің шартын құрастырады; -реакция теңдеуін жазып, теңестіреді; -формулаға сәйкес есепті шығарып аяқтайды. Бағалау («2 тілек, 1 жұлдыз» әдісі арқылы бағаланады) Үйге тапсырма: қайталау Кері байланыс «Алма ағашы»	
Саралау-Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау- Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау
А-деңгейі: Аммиактың құрылысы қандай және аммиак қандай физикалық қасиеттерге ие? В-деңгейі: $\text{NH}_3 + \text{H}_2\text{O} \rightarrow \text{NH}_4\text{Cl} + \text{NaOH} \rightarrow \text{NH}_3 + \text{O}_2 \rightarrow$ С-деңгейі: Көлем 5 л аммиак пен 15 л хлорсутекті араластырды. Қай зат артық қалды? Ол заттың массасы қандай?	1-тапсырма: «Смайликтер» 2-тапсырма: «Бас бармақ» әдісі 3-тапсырма: «2 тілек, 1 жұлдыз» әдісі Кері байланыс «Алма ағашы»	1. Үшкір заттармен жұмыс жасағанда абай болу; 2. Топтық жұмыс жасағанда құрал-жабдықтарды шатастырмау; 3. Топтық жұмыс жасау ережесін сақтау.
Сабақ бойынша рефлексия <i>Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?</i> <i>Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?</i> <i>Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба?</i> <i>Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?</i>		
Жалпы бағалау Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? 1:		

Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?

1:

Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекеленген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?

№ P00030 28.01.2022 ж

Білім беруде жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі

ТЛИСОВА САНДУГАШ ЖЕКСЕНОВНА

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Қызылшарық ауылы "

М.Әуезов атындағы мектеп " КММ. Директордың оқу ісі

жөніндегі орынбасары

XXI ғасыр – ғылым мен техниканың дамыған кезеңі.Заман талабына сай қазіргі білім жүйесіндегі игі істер мен жаңалықтар соның нәтижесі.Бүгінгі білім беру үдірісінде жаңа ақпараттық технологияны пайдалану және оны мақсатты түрде жүзеге асыру- ақпараттық қоғам дәуірінің негізгі көзі.Қазіргі заман мұғалімнен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдылық, педагогикалық – асихологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман ағымына сәйкес білім беруде жаңалыққа жаны құмар , шығармашылықпен жұмыс істеп , оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Жаңа технологияның бізге ұсынып отырған тағы бір жетістігі бұл әрине электрондық оқулық. Білім берудің кез келген саласында танымдық белсенділікті арттырып, ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайтын- электрондық оқулық. Электрондық оқулықты пайдалану мұғалімнің ғылыми-әдістемелік потенциялын дамытып, оның сабақ үстіндегі еңбегін жеңілдетті.Оқытудың әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы оқушыны жекелей бақылауды, графикалық бейнелеу, мәтіндері түрінде мультимедиялық, бейне және дыбыс бөләмдерінің бағдарламасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көп көмегін тигізеді.Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларда өзін-өзі тексеру жүйесі бар.Осы электрондық оқулықтың артықшылығыболып табылады.Мұғалім үшін электрондық оқулық бұл күнбе-күн дамытылыптұратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірбесіндегі материалдармен толықтыра отырып, әрі қарай жетілдіре алады.

Мазмұны қиындау бір үлкен тақырыптың бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар және клиптер қажетті элемент болып табылады. Бейнеклиптер уақыт масштабын өзгертуге және көріністерді тез және жәй түрде көрсеруге пайдалы. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсеруге болады. Бұл әрине, мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлде қайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген құштарлығын арттырады.

Жаңа технологияны пайдалана отырып, биология пәнінен «Полезой заманындағы тіршілік» сабағын электрондық оқулықтың көмегімен өттім. Сабақтың мақсаты Полезой заманындағы тіршілік туралы жалпы мағұлмат білу:

Суреттерді пайдаланып – полезой заманындағы жалпы мағұлмат білу: себептерін түсіну, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуді үйрену, топта бағалауға баулу болды. Электрондық оқулық арқылы оқушылар Полезой заманындағы өсімдіктер мен жануарлар жөнінде жалпы мағұлмат білді. Ірі организмдер құрылысының маңызы жөнінде жалпы мағұлмат біліп, себептерін түсінді, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануды үйренеді. Сабақ үстінде берілген түсініктер: Полезой, Кембрий, Ордовик, Силлур, Девон, таскөмір, Пермь, Псилофиттер. Сабақты өту барысында, Топтық жұмыс «Джигсо» Жұптық жұмыс, жеке жұмыс «Тест» алынды. Сынып оқушыларына жағымды ахуал туғызып, түгелдеп топқа (Архей, протерезой, полезой) сөздері арқылы 3 топқа бөлінеді. Топтың көшбасшысы, баяндамашы, хатшы, уақытсақшы, бақылаушы сайлап алынады. Жұмыс төмендегідей жоспармен жүрді: Берілген мәтінді оқып, топпен бірлесе отырып, талқылайды және әр топтың бақылаушысы жасаған жұмыстарға сәйкес бақылау парағын жүргізеді. І топ оқушысы, ІІ топқа барып түсіндіреді Өкіл әдісі бойынша. Түсіндіріп болғаннан кейін

1 топ – Ассоциация

2 топ – Тұжырымдамалық карта

3 топ- Фишбон әдісі бойынша әр топ постер қорғайды, оқушылардың мақсаттарың бүгінгі тақырыпты салып түсіндіріп беру.

(Оқушылар тапсырманы орындағаннан кейін тақтаға іліп, Галереяға саяхат әдісі бойынша әр топтан оқушы түсіндіреді,)

Әр оқушы өзіне жүктелген рөлдің міндеттерін атқарады. Топ пікірлерін тыңдады. Кері байланыс (Білемін, Білдім, Білгім келеді.) жүргізіледі. Сабақ өз дәрежесінде өтті. Ақпараттық технологияны пайдалана отырып, оқушылар өздері іздену барысында көп мәлімет алды.

Біз бейбіт елде, мемлекеттік білімді жетілдіруге аса мән берген елде тұрамыз. Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру.

Ақпараттық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін тигізер пайдасы аса мол

№ P00031 28.01.2022 ж

Оқушының оқу жылдамдығын қалай арттыруға болады?

ИМАШЕВА КЕНЖЕГУЛЬ БЕРДИГОЖИНА

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы

«№28 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш мектепті бітіріп шыққан оқушы өз деңгейінде оқу техникасын меңгеріп шығуы тиіс. Көбінесе бастауыш буынды бітірген барлық оқушының дерлік оқу дағдысы сол төрт жыл ішінде қалыптасып үлгермейді. Сондықтан, бастауыш сатыда балалардың оқу дағдылары толығымен қалыптасып үлгермей қалады. Ол ұзақ дамудың тек қана ең алғашқы бөлімі болып табылады. Бастауыш мектепте оқушыларының оқу жылдамдығының төмен болу жағдайларын анықтай келе, оқушылардың оқу техникасын дамытудың психологиялық ерекшеліктерін кеңес дәуірі және шетел психологтарының еңбектерінен байқауға болады. Психолог Т.Г.Егоровтың айтуынша «іштей, саналы, мәнерлі және жүрдек оқу, оқыту процесінің соңғы этаптарында ғана ұстаз ойлаған деңгейге жетеді» деген. Яғни, әріп танып, оқу сауаты қалыптаса бастағаннан оқушыны іштей оқуға, бірте-бірте түсініп оқуға үйреткен кезде ғана оның мәнерлі, жүрдек оқуы жақсарады. Оқу әрекеті бірнеше компоненттерден тұрады, бірінші, оқу әрекетін меңгеру, екінші, іс-әрекетті бақылау және бағалау. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың оқу әрекетін Л.И.Липкина зерттеулерінде де бақылауға болады. Оның пайымдауынша мектеп жасындағы оқушылардың «мен» деген концепциясының негізгі факторлары- баланың өзінің оқу әрекетіндегі меңгеру дегейі болып табылады, ол ұзақ дамудың тек қана алғашқы бөлімі болып табылады.

Бастауыш мектептердегі оқу дағдысын қалыптастыруын жүргізуде, қазіргі заманға сай, әдіс-тәсілдерді қолдануда, мынандай жағдайларды ескеру керек: -оқушылардың оқу дағдыларын жетілдірудің бір бөлігі-оқушының дұрыс және жүрдек оқуын қамтамасыз ету. Баланың оқу техникасын жетілдірумен қатар, олардың оқуға деген ынтасын арттырып, оқуға берілген текстерді бірнеше рет жалықпай қайталауға дағдыландыру; -бастауыш сынып оқушысының, әсіресе абстрактылық ойлау қабілетінің жеткіліксіздеу болғандығынан, мәтінді оқу барысында оқушының білімін үнемі толықтырумен қатар, әртүрлі заттарды салыстыру арқылы дүниетанымын кеңейту және тағы с.с әдіс-тәсілдерді қолдану; -бастауыш сынып оқушыларының көркем әдеби шығармаларды қабылдап, түсінуге керекті мәліметтерді көркем-образды түрде ойлау дағдылары жеткіліксіздеу болғандығынан, шығармашылық қиял процесін дамытуды қолану. Егер оқушы нашар оқыса, оның оқуға ынтасы өзінен-өзі төмендейді, үлгермейді.

Әдетте кім тез оқыса, сол көп оқиды, көп оқыса, көп біледі. Оқу техникасы артқан сайын, есте сақтау қабілеті де, ақыл-ой еңбегіне ынтасы да арта түседі. Мәтінді әрі жылдам, әрі дұрыс, әрі мазмұнды түсіне оқи білу-үлкен еңбектің жемісі. Өз туған тіліңнің қадірін түсіну ана тілінде жазылған кітаптарды оқудан басталады. Өйткені оқу- ақыл ой дамуының, қайнар көзі. «Оқуды тоқтатқан адам, ойлауды тоқтатады», - дейді Дени Дидро. Бастауыш сыныптан-ақ негізі қалануы тиіс маңызды міндеттің бірі-оқушылардың оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру. Оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру, жетілдіру мына негізгі талаптардан тұрады:

- 1) Оқу техникасы (дұрыс, тез қабылдау және сөздерді дыбыстау).
- 2) Мәтін мазмұнын түсіну (негізгі ойды, мазмұнын ажырату). Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені оқу техникасы жетілдірмей – түсіну, дұрыс оқу жүзеге аспайды. Оқушылардың оқу жылдамдығын жетілдіруді қамтамасыз ету үшін, төмендегідей жұмыстар жүргізу керек:
 - Мәтіндерді өзгерту процесін жетілдіру.
 - Оқу аймағының көлемін ұлғайту.
 - Мәтіннің антиципациялық (алдын ала болжау) қабылдауын дамыту.
 - Регрессияны (оқылып кеткен сөздерді қайталап оқуды) болдырмау.
 - Баланың оқу іскерлігін дамыту мақсатында оқу темпін, ритмін мақсатты түрде өзгерту.
 - Балаларды өзінің және басқа баланың ойын тыңдауға үйрету. - Әртүрлі мазмұнды мәтіндерді қабылдау жүйесін қалыптастыру. Мектепке алғаш келген бала ежелеп оқиды, оның көру аумағында бір ғана әріп тұрады, көбінесе қайта-қайта бұрын оқыған әрпіне көз жүгіртіп отырады, әр әріпке жекелеп көз тоқтатады, оқу аумағы тар болады.

Осының салдарынан олардың оқығанды түсіну дәрежесі де төмен болады. Ал әріпті тану дағдысының қалыптасып жетілуімен қатар баланың «көру, оқу аумағы» кеңейіп, дағдылана бастайды. Мұндай дағдыға ие болу балаға оңайға түспейді, ол көп күш-жігерін жұмсайды, мұнда әсіресе зейіні мен еркі үлкен рөл атқарады. Осының барысында зейін мен еріктің төзімділік қасиеті жаттыға түседі. Осыған байланысты Шульте кестесін пайдаланып, көзді жаттықтыру жұмыстарын жүргізу керек. Сонымен қатар мұғалім баланың сауат ашу кезеңінен –ақ буынды, сөзді регрессиясыз оқуын жіте назарда ұстағаны дұрыс. Оқушылардың сөзді буындап алға жылжып оқуын қадағалаған жөн. Л.А.Щерба мен С.К.Фоломкиняның айтуы бойынша бастауыш сынып оқушылары 1 минут ішінде 50-60 сөзден кем оқымауы тиіс. Саналы түрде болсын, санасыз түрде болсын регрессиямен оқитын бала өзінің мәтінді бір рет оқығанына сенбейді. Бір жолдың өзін оқуда ондай оқушы бес, алты рет регрессияға ұшырайды. Қайталап оқу дағдысынан (регрессиядан) құтылу үшін, оқу барсында алдыға қарай озып оқу техникасын пайдаланған жөн. Қайта-қайта кері қайтып оқу оқу жылдамдығын төмендетіп қана қоймайды, сонымен қатар материалды түсіну деңгейін де нашарлатады. Сауат ашу кезеңінде бала бар зейінін жеке әріптерді, буындарды қосып оқуға жұмсайды да, сөздердің арасындағы байланыстарға зер салмайды. Осыған орай, олардың саналы оқудан гөрі механикалық оқуы басым болады. Сондай-ақ олар іштей оқудан гөрі дауыстап оқуға дайын тұрады. Оларға таңбалануы мен айтылуы бірдей сөздерді оқу да, жазу да біраз қиындық келтіреді. Ондай қиындықтан практикалық жолмен ғана шығуға болады, яғни мұғалім қадағалау жасау арқылы оқытып отырса, балалар жаттығудың арқасында біраздан кейін дағдыланады. Сауат ашу кезеңінде балаларда мынадай дағдылар қалыптасады:

1.Сөзді буындап және тұтас сөздерді дұрыс оқу. 2.Көлемі шағын мәтіндерді саналы, түсініп оқу. Дұрыс оқудың негіздері алғашқы оқу-жазуға үйрету кезінде-ақ қалана бастайды. Осы кезде мұғалім әрбір жеке сөзді балаларға жеке әріптеп оқытпай, буындап оқуға жаттықтырғаны жөн, бірақ мұнда балаларды сөздің сыртқы түрін ғана меңгеріп, мағынасын жаңылыс ұғынудан немесе тіпті түсінбей оқудан сақтандыру керек. Егер бала буындап оқығанда қателессе, дереу түзетіп, оған қиын тиген сөздерге талдау жасап отырудың дұрыс оқуға дағдылану үшін пайдасы зор. Іштей оқу мен дауыстап оқуға қойылатын талаптарды зерделей келіп, әдіскер ғалым С.Рахметова оны мынандай 4-ке бөліп көрсетеді:

1.Дұрыс оқу 2.Шапшаң оқу 3.Түсіну оқу 4.Мәнерлеп оқу

Оқу жылдамдығын дамыту дегенімізді— ғалымның «шапшаң оқу» деген терминге берген анықтамасымен байланыстыруға болады.

Жылдам оқу дегеніміз – текстегі сөздерді қалай болса, солай бастырмалатып немесе сөздердің ара жігін айырмай оқу емес. Бұл – оқығанды түсінетіндей қалыптағы шапшандықпен оқу. Дұрыс оқу Балалар өз бетінше бірінші сыныптың екінші жартысында және екінші сыныпта бірнеше сөз тіркестерін, тұтас сөз тіркестерін, фразалық тіркестерді оқи алатын болады. Бірақ оқу үстінде интонациялық қате жіберу немесе мағынасына сүйеніп сөз тіркестерін қысқартып, жобалап оқу көп кездеседі. Бұның себебі, екінші сыныпта қойылатын міндет пен талап сөзді тұтас оқу болғандықтан, тұтас оқуға тырысу әрекетінің күшті болуынан, яғни оқуға деген ынта бар да машықтың әлі қалыптаспағандығынан белгілі бір фразаны, тіркестерді оқи білу машығы әлі жетілмегендігінен солай болатыны сөзсіз. Осы себептер әлі оқуы жетіле қоймаған оқушының оқуды дұрыс оқыды ма дегенді тексеріп отыруға міндеттейді

Оқушының қайталап оқып кетпеуін мұғалім қадағалап ескерту жасап отыру керек. Мұғалімнен үнемі, үздіксіз ескерту естіген оқушы енді оны қайталмайтын болады. Шапшаң оқу Шапшаң оқуға үйретудегі мақсат – баланың өзі оқыған сөйлемін, мәтінін толық түсінуі және сонда қолданылған сөздердің мағынасын меңгеруіне қол жеткізу. Мұны орындау үшін оқытушы баланың әрбір сөзді дұрыс анық оқуын үнемі қадағалап отыруы шарт. Әрбір сөзді дұрыс анық етіп оқыған бала сөзді түсінеді, демек шапшаң оқудың алғы шарты орындалады. Осыдан шапшаң оқудың дұрыс оқумен, түсініп оқумен өте тығыз байланыстылығы көрініп тұрады. Оның үстіне сөзді дұрыс және түсініп оқу үшін мәтінді белгілі бір қарқынмен оқу қажет. Олай етпеген жағдайда мәтінді оқушы да, оны тыңдаушы да ештеңе түсінбейді. Бастауыш мектеп мұғалімі шапшаң оқуды барлық сабақтарда жүзеге асырып отырады. Бұл жұмысты жүзеге асыру барысында ол ең әуелі дауыстан әрі ырғағына келтіре оқуға баса назар аударуға тиіс. Содан соң балалардың денсаулығын сақтау мақсатында көзбен кітаптың ара қашықтығын белгілі мөлшерде ұстауға көңіл бөледі және қандай ырғақпен, қай жылдамдықта оқу керектігін өзі мәтінді оқып көрсетеді. Шапшаң оқуға оқушыларды күнбе-күн өз бетінше оқыту арқылы ғана дағдыландырамыз дедік. Ал мұның өзі оқушылардың сөйлеу мүшелерінің жетілуімен де тығыз байланысты. Сөйлеу мүшелерінің жетілуін, дами түсуін арттыру үшін айтылуы қиындау және қиын жұмбақтар мен жаңылтпаштар оқытудың және оларды ойын түрінде қайта-қайта айтқызудың пайдасы аса зор. Катлин Б.Херстер өзінің «Баланы оқытуға үйрету» (Обучение детей к чтению) деген еңбегінде былай деген: «Оқу типі балалардың оқу материалына, оның түсінуіне байланысты.

Оқушы өз бойында оқуға деген қызығушылығын арттыратын болса, соғұрлым оқу жылдамдығы артатын болады». Бастауыш мектепте шапшаң оқу өз нәтижесін дауыстап оқу жылдамдығын минутына 58-72 сөз, түсініп оқу жылдамдығы минутына 90-95 сөз болғанда, әрі оқу кітабынан 8-10 өлең және шығарма үлгілерін жаттатқанда ғана нәтиже берері сөзсіз. Шапшаң оқуға балаларды 1-сыныптан бастап баулу керек. Себебі, оқу жылдамдығы төмен бала өз сыныптастарына қарағанда үй тапсырмаларын орындау барысында оқыптүсіну үшін көп уақыт жұмсайды, шаршайды, оқуға деген ықыласы төмендеп, өзіне сенуден қалады. Нәтижесінде баланың оқу көрсеткіштері нашарлап, эмоциональдық күйзеліске ұшырап, оқуға мүлдем құлқы болмайды. Түсініп оқу Оқушы мектеп есігін ашқаннан бастап-ақ оқыған сөзінің мағынасын түсінуге бағытталған жұмыстар жүргізіледі.

Сол жұмыс түрлері мәнерлеп оқуға жол ашып отырады. Мұғалім жеке сөзді, сөйлемдерді оқу кезінде оқушылардың тек оқып шықанның қанағаттанбай, оның мағынасын ашуға арналған жұмыстар жүргізуі тиіс. Яғни оқушы оқып тұрған сөзін, сөйлемін өзі түсініп тұр ма, соны анықтап, егер оқушы түсінбесе, мұғалім қосымша түсіндіру жұмысын жүргізуі тиіс. Осыдан кейін мұғалім оқушының берілген сөзді не мәтінді үстірт оқымай дауыс ырғағымен оқуын қадағалап отырады. Қазақ алфавитіндегі әріптердің дұрыс, анық аталуына оқушыны жатықтыру үшін баланың ауыз қуысындағы тіл, ерін, тіс, жақтарына арналған артикуляциялық жаттығуларды жүргізгені дұрыс. Мәнерлеп оқу Бастауыш сынып оқушыларының дұрыс өз бетінше оқуын жетілдіруде қойылатын бағдарламалық талаптың бірі оқушыны мәнерлеп оқуға үйрету болып табылады. Мәнерлеп оқу – қандай мәтінді болмасын дұрыс оқып, сөздерді бұзбай, қалдырмай, сөз аяғын жұтып қоймай, әрбір сөзді, ондағы дыбыстарды анық етіп оқу. Көркем шығарманың негізгі ой тірегін анықтап алмай, оқығандағы мақсат айқын болмайынша бірде бір жолды мәнерлеп оқу мүмкін емес. Оқушыны мәнерлеп оқуға үйретпейінше оны мәдениетті сөйлеуге үйретеміз деп айта алмаймыз. Ал мәдениетті сөйлеу дегеніміз-сөйлеудегі, жазудағы тіл жұмсаудың өнегелі үлгілері болып табылады. Осыларды үйрету негізгі бастауыш мектептен басталады және қаланады. Жалпы оқу дағдысы дұрыс қалыптаспаған оқушы білім негіздерін жақсы қабылдай алмайды, өздігінен кітаптағы тапсырманы орындап өз бетінше білімді игере алмайды. Оқушының бойында қалыптасуға тиісті дағды мен шеберлік мемлекеттік стандарт талабына сәйкес болу үшін мұғалім оқу-білім үрдісінде қиындықтарды жоюға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізу арқылы білім сапасын арттыра алады.

Бауырсақпен саяхат

ШПЕКБАЕВА ГУЛЬНАЗ АРЗАНБЕКОВНА

Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылы

«Жасұлан» балалар бақшасының тәрбиешісі

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

Білім беру саласы: «Таным»

ҰОҚ: Математика негіздері

Оқу мақсаты: «Балаларды геометриялық пішіндерді тануға ж/е атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш»

ҰОҚ Мақсаты: Геометриялық пішіндерді (шеңбер, шаршы, үшбұрыш) сипаттайды, айтады және ажыратады. Логикалық ойлауы, есте сақтау қабілеті дамыды.

Дағды: салыстыру тәсілімен заттарға тән айырмашылықтарды таниды және айтады.

Тақырыбы: «Бауырсақпен саяхат»

Әдіс-тәсілдер: 4К, ашық сұрақтар, бала үні, нәтиже арқылы саралау, тікелей, жанама бақылау, ойындар, бағалау «Бас бармақ» әдісі, Кері байланыс,

Ресурстар : Бауырсақ, суреттер (аю, түлкі, қоян) пішіндер бірнеше бөлікке бөлінген, бағдаршам түстері.

1. Шаттық шеңбер

Ал кәнеки, балалар

Барлығың маған қараңдар

Ойынды бір сәт қояйық

Сабаққа мойын бұрайық

Жақсы сабақ болсын деп

Мұхият көңіл қояйық

Келген сыйлы қонақтармен

Амандасып алайық.

Сәлеметсіздер ме? Құрметті қонақтар Амандасудыңда көптеген түрі бар. (Балаларға қолдың, жүректің, күннің суретін көрсету, ал балалар суретке байланысты қимыл білдіріп, амандасады бір-бірімен) Қол - қол беріп амандасу. Жүрек - құшақтасып амандасу. Күн - бір бірімен қол бұлғап амандасу. Балалар көңіл күйлерің қалай болды? Жақсы. Олай болса. Осы жақсы көңіл-күйімізбен қонақтарға өзіміздің қанадай балалар екенімізді көрсетіп, әдептілік көрсетейік.



Мен келе жатып, бір ертегі кейіпкерін жолықтырып қалдым, сендермен танысқысы келеді екен. Кім екенін білу үшін сендерге **жұмбақ** жасырайын.

- Бұл орамның пішіні

Бауырсақтың да мүсіні.

Кішірейтсек біз мұны

Шығады тоқаш наны боп

Балалар ол қандай пішін?

- Дұрыс айтасыздар, қане домалақты ауада салайықшы.

Бауырсақ: Сәлеметсіңдер ме, достар, менімен саяхат жасағыларың келе ме?

Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын. «Пішініне, түсіне қарай ажырат»

Топтастыру. (шеңбер, үшбұрыш, шаршы кубиктеріне сәйкес тауып қояды.)

Шарты: Кездескен қоянға геометриялық пішіндерді (шеңбер, шаршы, үшбұрыш) түсіне қарай жинап, көжегін құрастырып береді. Суретке түсіріп алайық.



Қоян: Балалар рахмет. Балалар мына шеңберлерден аттап өтейік.

4к моделі: командада жұмыс жасау коммуникативтілік, сыни ойлау Саралап оқыту стратегиясы : нәтиже Бақылау: тікелей, жанама 4к моделі: сыни ойлау, коммуникативтілік «Басбармақ» әдісі арқылы топтар бір –бірін бағалайды. Кері байланыс. - топпен жұмыс жасаған ұнады ма?

Құрылымдалған ойын: «Пішінін тап»

Шарты:Балалар аюға геометриялық пішіндерден конжығын құрастыруға көмектеседі.Суретке түсіріп алайық.(Балалар суретке түсірген болады)

Аю:Рахмеев достарым.Түлкі кездеседі,түлкінің құпия тапсырмасын орындайды.



Ой,балалар көпірден қалай өтеміз.



Еркін ойын: «Бауырсаққа сыйлық»

Шарты:Балалар дайындалған пішіндерден қоянның,аюдың,түлкінің портретін құрастырып,бауырсаққа сыйлайды.Сөйтіп бауырсақпен қоштасады.



Кері байланыс: «Ауадағы сұрақтар» әдісі арқылы алған білімдерін бекіту. - Бүгінгі ҰОҚ ұнады ма? -Қандай пішіндерді білдіңдер? -Пішіндерден қандай бейне құрастыра білдіңдер? Рефлексия .«Шиыршық жіп» әдісі арқылы

Қорытынды: Рефлексия «Орам жіп»



Балалар, бүгін сабақта не туралы өттік? -Қандай пішіндермен жұмыс жасадық?
Балалар ойынға белсене қатысады. Мақтап, мадақтау медаль тағу.



Ұлттық киімнің негізгі сәндеушісі – ою-өрнек**ДОСЖАНОВА ЖАНАР УСЕРОВНА**

*Шымкент қаласы С.Көбеев атындағы № 56.жалпы
орта білім беретін мектебінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі*

Қазақ ұлттық ою-өрнегінің бірнеше ондаған ғасырлық тарихы бар.

Атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып, үнемі қолданыста болып, дамып келе жатқан өнер түрі. Қазақ халқының тұрмысында ағаштан жасалған заттар өте көлемді. Жазы-қысы пайдалануға келетін «ағаш уықты, киіз туырлықты» киіз үй киіз бен ағаштың өте күрделі үйлесінен тұрады. Тігуге де, жинауға да, алып жүруге де өте қолайлы осы мүлікте ою-өрнек қолданылмайтын бөлшек жоқтың қасы. Ою-өрнекті жақсы саналы жасау үшін алдымен пайдаланатын материалды дұрыс таңдай білу қажет, оның ою-ырғағы мен мөлшерін, яғни оюдың заттың бетіне түсуі мен орналасуын нақты жобалау қажет. Оюдың жақсы шығуы оюшының ой ұшқырлығында, шеберлігі мен оюдың ретін келтіріп үйлестіре білуінде. Ою-өрнектің қандай түрі болса да, ол – адам ойының жемісі. Ою-өрнек бір-бірімен қабысып, жымдасып, ескен арқандай бірігіп тұруы керек. Ара жігі бадырайып, үйлеспей, олпы-солпы болса, ою өзінің сәнін, сұлулығын, үйлесімін тіпті мазмұнын жоғалтуы мүмкін. Қазақ ою-өрнегі қошқар мүйіз түрінен бастау алатындықтан қандай ою түрін жасағанда да осы ою түрі басты көрініс табуы қажет. Басы қошқар мүйіз оюынан бастау алған өрнек дами келе неше алуан түрге еніп, ара жігі әр түрлі ою-өрнектермен толыға келе, үлкен күрделі ою түрі шығады. Ою тасы қошқар мүйіз бастаған өрнек түрлері бір-біріне үйлесе сән бере келе бірігіп, жымдасып, байланыс пен сәндік тауып жасалатын ою түрін әрлендіре түседі. Табиғаттағы әсем гүл шоғырындай ою-өрнекте өз шеберін тапса, жарасып, құлпырып, көз тартып, көзге қуаныш, көңілге жылылық, ортаға әсемдік, сұлулық шашып тұрары анық. Біздің ата-бабаларымыз осындай өнер түрін өзінің шырқау шыңына жеткізе білген.

Менің түсінігімде ою-өрнек дегеніміз – дәлдік, есеп, теңдік, теңеу, үйлесім, жарасым, сәндік, көркемдік, сәйкестік, тазалық, нәзіктік, сүйкімділік, парасаттылық, жылылық, сұлулық, ойлылық, ақылдылық, зеректік, көңіл-күйдің жақсылылығы, шабыт береді, ептілікке, іскерлікке, шеберлікке, икемділікке, дәлдікке баулиды, тәрбиелейді. Өнерге деген махаббат, сұлулыққа деген ғашықтық, құштарлық жинағы. Ою ойған адамның жүрегі жылы, нәзік болады. Қошқар мүйіз – ою-өрнегі – байлық пен молшылықтың нышаны. Қошқар мүйіз бен арқармүйіз оюларының қазақ қолөнерінде қолданылмайтын жері жоқ. Қошқар мүйіз оюымен қатар әр заттың көлемі, сәнділік, пайдалану деңгейіне қарай әр алуан жапырақ тектес, бітпес оюлар салынады. Бұл өрнектер «иірім», «шиыршық», «иық», «үшкіл», «түйе табан», «қос ирек», «жұлдыз гүл» т.б. аттарымен аталады.

Қолөнер шеберлері ою-өрнекті әр заттың өзіне лайықтап, жарасымын, үйлесімін, сәнін тауып жасаған. Жасаған затпен ою-өрнек бір-бірімен өте сәнді қабысып, шынайы көркемдік беріп отырған. Ою-өрнек түрлері өте нәзік түрде түскен. Жалпы ою-өрнек жасаушы шебер оюды олпы-солпы болудан сақтауы, әсемдігіне жеткізе білуі керек. Өнер зерттеушілерінің пайымдауынша қазақ ою-өрнегі үш түрлі ұғым негізінде туған деген қорытынды бар:

1. Қазақ халқының өзіне тән ертеден келе жатқан ұлттық оюлары.
2. Басқа халықтардың мәдениетінен ауысқан.
3. Уақытқа қарай бейімделу.

Ертеден қазақ ою-өрнегі мазмұны жағынан үш түрлі ұғымды бейнелейді:

1. Мал өсіру мен аңшылық.
2. Жер-су, көшу-қону.
3. Заттардың сыртқы бейнесі.

Осылардың қайсысында да қошқар мүйіз оюы қолданылып араласып отырады. Ою, сызу, бедерлеу ру, тайпалардың таңбаларында, малдың ең-таңбасында, ай, жұлдыз, аспан әлемін тұспалдауда орын алады. Шеберлер сүйекті ойған, ағашты иген, тасты қашаған, мүйізді балқытқан, металды өндеген. Әсемділікті таңдай да, жасай да білген. Осындай әсемдікті таңдай білген хас шебер оюшы зергеріміз осы ою-өрнекке бояу түрлерін пайдалануды да жете меңгерген. Халқымыздың ою-өрнектерінде басым түс ақ пен қара болып келеді. Бұл ою-өрнектің ең шешімін тапқан жарасымды түрі болып есептеледі. Ою-өрнектің тұрмыста пайдалану ауқымы өте кең. Оюдың жекелеген тармақтарынан бастап үш түр, төрт түр, бес түр, алты түр, т.б. тармақтарынан әрі қарай өрбіп, кеңейе беретін күрделі оюлар да біздің ұлттық дәстүрімізде тұрмыста үнемі қолданыс тауып келген. Халқымызда жазу болмағанда ою-өрнек болды. Сол ою-өрнек арқылы халқымыз өз тыныс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін, мәдени құндылықтарын жоғары деңгейде дамыған тұрмыстық қажеттіліктерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, дамытып отырды. Келешек ұрпақ мақсаты осы киелі өнерді әрі қарай дамыта отырып көздің қарашығындай сақтау. Осы салада отыз жылдан аса уақыттан бері ұлттық ою-өрнекті дамытумен айналысып келе жатқан менің басты мақсатым – мүмкіндігінше ұлттық нақыштағы ою-өрнекті зерттей отырып, нәзік те күрделі өнердің сырын ашу, жасалу жолдары мен оны тұрмыста пайдалану реттерін өнерпаз жастарға ұсыну. Қажетіне жаратамын деген талапкерге көмектесу, ұлттық мемлекеттік деңгейдегі мәдениетімізді дамытуға үлес қосу, сол арқылы ұлтымыздың мәдени өнерін басқа елдерге насихаттау, тұрмыстық заттар шығаруды өндіріске енгізу, оқулықтар шығару, зергерлік қолөнерді дамыту жолдарын оқырманға қарапайым тілмен түсіндіру, құзырлы орындарға ою-өрнекті дамыту туралы өз ұсыныс, пікірімді жеткізу. Ою-өрнекпен айналысқан отыз жылдан аса уақыт ішінде ешқандай ою түріне қарамай ұлттық бағыттағы басты ою түрі «қошқар мүйіз» айшығын сақтай отырып, бір жарым мыңдай үлкенді-кішілі, ірілі-уақты әр түрден ою түрлерін жасадым.

Басты мақсат – қошқар мүйіз оюын дамыту, сұлу, сәнді, икемді оюлар шығару. Бұлардың ішінде алуан түрлі күрделі оюлар да, шағын оюлар топтамалары да, зергерлік бұйымдарға арналған түрлері де бар. Мақсат жасалған оюлардың жасалу ерекшелігін толық түсіндіре отырып, пайдалану жолдарын ұсыну, оюдың өндіріске енуіне ықпал жасау. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі киім түрлері өзгеріске ұшырады. Ұлттық киімнің бояуын, түсін өзгерткенмен түрін, пішінін өзгерту дұрыс емес. Бұл біздің қазақ ұлтына тән ерекшеліктегі ою-өрнек, кие қасиет. Осы киіммен халқымыз тарихи дәуір өткізген, досы, қасы да таныған. Ғасырдан ғасырға дамыған ою-өрнек тілінен шеберлер ойын да, көңіл күйін де, уақыт жағдайларын да жеткізе білген. Әр шебер өзі жасаған ою-өрнегінің қандай ою түріне ұқсайтынын, қандай ат лайық екендігін және ою-өрнекті қай затқа қалай пайдалану керектігін дәл де нақты білген. Әрбір күрделі оюдың өсімдік тамыры іспеттес түбі, түбірі, діңі, тамыры болады. Бұл менің өз ұғымым. Түбірінен бастап өрбіп жайылып, ерекшеленеді, бір-бірімен астасады, сәнді шеңбер жасай отырып «табақ» тектес күрделі ою құрайды. «Табақ» ою түрі – жиегіне су жүргізіп ішіне алуан түрлі ою салу. Қазақ халқының тұрмысындағы көп қолданылатын оюдың атасы қошқар мүйіз өрнектері сан алуан. Өте ұсақ түрлері зергерлік, кестелік, сүйек, мүйіз сияқты нәзік істерде қолданылса, ірі түрлері сырмақ, кілем, текемет, түскиіз, алаша, сәулет өнеріне, тұрмыстық заттарға кең қолданылады. Ою-өрнек тұрмыстық заттармен қатар құлпытасстарға да салымды. Ер адамға құлпытас тұрғызылса, найза, айбалта, ұсталықпен айналысса, құрал-сайман суреттері кашалған. Ал әйелдерге құлпытас тұрғызылса, алқа, сырға сияқты күміс әшекейлер, үкілі сәукеле тағы да басқа заттар бейнеленген. Ғалымдардың зерттеуі бойынша ою-өрнек үш топқа бөлінеді:

1. Өсімдік тектес (жапырақ, үш жапырақ, ағаш).
2. Зооморфтық (жан-жануарлар).
3. Космогониялық өрнек (дөңгелек, ирек, шимай, тор көз).

Осы ою-өрнек түрлерін қажетті орнын тауып пайдаланған зергер, оюшы шеберге үлкен көмек болары анық. Мемлекеттік деңгейде мәдени мұра бағдарламасы бойынша қамқорлық жасаланып, оқушыларға, студент жастарға қолөнер сабағына пайдалануға шағын журналдар шығарылса, қолөнер түрлері мектепте пән ретінде өтсе, жастардың келешекте іскерлігіне, ұлттық мәдениетті сүюіне ықпал жасары анық. Оқушыларға ұлттық нақыштағы киім үлгілері ұсынылса, оқу құралдарының безендірілуіне ою-өрнек кең көлемде ұсынылса, шеберлер даярлайтын арнаулы оқу орындары ашылса, ұлттық қолөнер дамыған болар еді.

Сурет салу әдістемесінің МДҰ дағы бағыттары

ҚАСЕНОВА ГУЛИМАЙ ЕРГУМАРОВНА

*Шығыс Қазақстан облысы. Тарбағатай ауданы. Үш төбе ауылы
"Еркетай" бөбекжайы КМҚК. Шеберлік сыныбы тәрбиешісі.*

Шығармашылық –бұл адамның өмір шындығында өзін –өзі тануға ұмтылуы,ізденуі . Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп өздігінен сапалы дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет.

Шығармашылық -бүкіл тіршіліктің көзі. Адам балаласының сөйлей бастаған кезінен бастап , бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі.

Мектепке дейінгі ұйымда балалардың бейнелеу өнеріндегі шығармашылығын дамыту әрекеті оқу мен тәрбие үрдісі өзара тығыз байланысты жүргізілгенде ғана жүзеге асады.Балаларды бейнелеу өнерінің әдіс-тәсілдеріне үйрету-эстетикалық тәрбиенің ең басты міндеті болып есептеледі. Бала ес біле бастағаннан -ақ өзі жете түсінбес жарқын ,тартымды нәрсенің бәріне ұмтыла бастайды, мәселен, жылтыраған ойыншықтарды , әдемі гүлдер мен заттарды көрсе қуанады. Осының бәрі рахаттану қызығу сезімін туғызады.Жиі ән , оқу қызметі кезіндегі ,күннің екінші жартысынан кейінгі аралықта немесе ұйықтар алдында тәрбиеленушілерімізге ертегі көп оқып, әдемі суреттерді қарататын болсақ, міне, осы балалардың өнері қуаныш сезімдердің қайнар көзіне айналады.

Мақсаты:

Сурет салудың бала шығармашылығының дамуындағы рөлі жөніндегі педагогтарға мағлұмат беру. Педагогтармен тәжірибе алмасу. Кәсіби білімдерін жетілдіру.

Жоспар

1.Кіріспе сөз

2.Тренинг

3. Тәрбиешілермен жүргізілетін жұмыстар түрлері.

4.Қорытындылау.

Керекті құрал-жабдықтар : Дымқыл сүлгі,фартук ,акварель бояуы,ши, бояуға арналған ыдыстар,кисточкалар, А4-10 тал бет

Жүру барысы:

Сәлеметсіздер ме әріптестер!

Бүгін мен сіздермен педагогикалық идеялар арқылы ,өзімнің шеберлік сыныбымды бөліскім келеді. Ендеше педагог кадрлармен ұйымдастырылған шеберлік сыныбымды назарларыңызға ұсынамын !

Тренинг

«Комплимент ойыны»

Мақсаты:

Қатысушылардың тіл табыса алуын , бір-бірін толық тануын дамыту.

Ойынның жүру барысы:

Қатысушылар шеңбер бойымен тұрып кезекпен кез –келген жағымды комплимент айтады(біздің тақырыпқа мыс. «өте жаңашыл», «нағыз кәсіби педагог» т.б.), ал қалғандары ол комплиментінің кімге арналғанын табады.Комплимент иесі ойынды ары қарай жалғастырады.Барлығы жағымды комплимент алмайынша ойын жалғаса береді.

Бейнелеу өнерінің міндеттері:

Бейнелеу іс-әрекетіне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту.

- Сурет салу өнеріне деген қызығушылығын ояту;
- Көркемдік талғамын арттыру;
- Іскерлік дағдыларын меңгерту.

Бағыттары:

-Айналаны бақылау және қабылдауын дамыту;

-Бейнелеу өнері түрлері және көркем өнер туындыларымен таныстыру, көркемдік талғамын арттыру.

Сурет салудың әдіс тәсілдері .

А) Бастыру.

Ә)Нүктелер арқылы сурет салу

Б) Сулау тәсілі

В)Құммен сурет салу

Г)Далаппен сурет салу.

Ғ) Алақанмен сурет салу.

Д)Саусақпен сурет салу

Е)Жіппен сурет салу.

Ж)Үрлеу немесе түтікше арқылы сурет салу.

Міне, осылардың ішінен сіздерге ерекше тәсілдермен сурет салудың жолдарын таныстырып ,сіздер арқылы жүзеге асырып ,сіздермен бірге тәжірибемді бөліскелі отырмын.

Бастыру арқылы сурет салу

-Жапырақ , түрлі өсімдіктер ;

-Әр түрлі заттардың тығындары, қорапшалар, кішкентай шөлмектер .

-Алақан, қарындаштың теріс бөлігі

-текшелер ,өшіргіштер, түймелер ,т.б заттар пайдаланады.


Бастыру арқылы сурет салу балалардың санасына жағымды эмоция тудырады.

Дәстүрден тыс сурет салуды үйренген бала өз бетінше бастыру құралдарын еркін қолданады.

Бастыру тәсілі баланың өмірге шығармашылықпен қарауының кез келген затты әр түрлі мақсатта қолдана білу іскерлігін , шеберлігін дамытады.



Нүктелер арқылы сурет салудың әдісі-(нүктелі сурет) дәстүрден тыс әдіске жатады. Сурет көптеген жекеленген нүктелер арқылы бейнеленсе , онда бұл сурет техникасы пуантилизм деп аталады. Балаларға нүктелерді сызықтармен қосуға ұсынылады. Пайда болған бейнені аяқтауға , бояуға сюжет ойластыруға және ат қоюға болады.



Үрлеу немесе түтікше арқылы сурет салудың әдісі-бұл әдіс арқылы сурет салған баланың қызығушылығы артады. Мұндай «сиқырлы» суреттерді салу баланың бойындағы көркемдік қабілеттерін , ауыз бұлшық еттерін , тыныс алу жолдарын дамытып, аша түседі.



Құммен сурет салу әдісі- Балаларға құммен сурет салу өте қызықты болмақ,өйткені олар құммен ойнағанды қатты ұнататыны сөзсіз. Алдымен суреттің қара қарындашпен сызып саламыз, артынша пва клейін жағып түрлі -түсті құмды себу арқылы әдемі сурет салдыртуға болады.



Саусақпен сурет салу -алақанмен , табанмен бейнелеудің тағы бір тамаша әдісі. Балаларға алақан немесе саусаққа әр түсті бояу жағу арқылы заттың суретін салу ұсынылады :

Бояу жайпақ табаққа , суды кішкентай құмыраға құйып дайындайды ,әр саусақты бір түсті бояуға батырып ,қағазға түсіріп болған соң құмырадағы суға жуып ,қағаз сүлгімен сүртіп отырады.Қосымша далапты, көз бояуын пайдалануға болады.



Косметикамен сурет салу тісілдері.

Дәстүрден тыс әдістер жинағына ескі далаппен , тырнақ бояуымен , көз бояйтын тенмен сурет салуды да жатқызуға болады (бірақ, жұмыс жасап болғаннан кейін педагог аса мұқият әрі сақ болып , бұл заттарды баланың қолы жетпейтін орынға қойған жөн болады).



Судың бетіне сурет салу әдісі- осы әдіспен өз шеберлік сыныбымды қорытындылайын . Су бетіне сурет салуды тәрбиеленушілерім қызығушылықпен қатысып, өздерінің шығармашылық қызығушылықтарын арттыра білді. Олай болса, осы судың жасалу жолдарымен таныстыра кетейін . Керекті заттары: Жайпақ ыдыс, су , крахмал, тіс шұқығыш таяқшасы, сүлгі, А4 ақ беті, және бояу. Алдымен суға екі ас қасық крахмалды баяу отта езіп , былқылдақ тәріздес болғанша ұстап , оттан түсіресіздер , дайын болған сұйықтықты арнайы қалыпқа құйып суыған күйде балаларға ұсынып , бояулармен өз қиялдарындағы суретті салдыртуға немесе тәрбиеші дайындап келген тақырып бойынша салдыртуға болады . Тақырып бойынша балаға сурет салғызу оқу қызметін жылдам әрі оңай меңгеруіне қатты көмектеседі. Дайындалған сұйықтыққа , шидің басын бояуға малып керекті суретті бейнелеп алып , артынша ақ параққа салған суретін бетіне қойып , ұқыптылықпен қайта ақ парақты көтеріп қарасаңыздар , су бетіндегі салған бейнелеріңіз ақ парақ бетіне ауады. Тәрбиеленушілерім бұл суретті «сиқырлы» сурет деп атаған .

Сіздерге сурет салудың пайдасын айта кетейін:

1. Баланың көңіл-күйін көтереді.
2. Қол қозғалысы мен көру қабілетінің арасында тығыз байланыс орнайды.
3. Шығармашылық шабыт қуаты артады.
4. Стресті азайтады.
5. Маңызды нәрсеге зейін қоюды үйретеді.
6. Моториканы жақсы дамытады.
7. Баланы тыныштыққа үйретеді.
8. Ақыл -ой мен қиялға қанат бітіреді.



4.Қорытындылау.

Мектепке дейінгі түрлі жастағы топтарда бейнелеу өнерінің өткізілуі оқу қызметтерінде балалар шығармашылығын дамыту үшін оқып үйретудің сан-алуан әдістері және ең алдымен балалар дербестігін, белсенділігін, өмір құбылысын көркемдік тұрғысынан қабылдау әрқашанда дара, әрі таңдамалы болады. Оның негізіне әсемдікке эмоция білдіру жатады. Бала әрқашанда табиғаттағы, заттық дүниедегі, өнердегі әсемдікке адамдардың мейірбан сезіміне үн қосады. Мұның өзіне сәбидің басынан кешкен қуанышының, талпынысының, толғанысының маңызы зор деп білеміз.

Шеберлік сыныбымды қорытындылай келе айтарым: мектеп жасына дейінгі оқыту үрдісінде сурет салу өнері жұмыстарында жаңа технологияларды тиімді қолданып, балалардың шығармашылық қабілеттерін одан әрі жетілдіру керек деп ойлаймын.



Тербелмелі қозғалыс

КАНЖИГИТОВА ГУЛНАЗ БАКЫТЖАНОВНА

Нұр-Сұлтан қаласы, №39 Кешкі (ауысымды) мектебінің физика пәні мұғалімі,

Мектеп: №39 Кешкі(ауысымды) мектеп		
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні: Канжигитова Г.Б.
Сынып: 9 сынып		Қатысқандар: Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	Тербелмелі қозғалыс	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	9.2.5.1 Еркін және еріксіз тербелістерге мысалдар келтіру 9.2.5.2 Эксперименттік әдіспен амплитуда, период, жиілікті анықтау 9.2.5.3 Формулаларды қолданып амплитуда, период, жиілікті анықтау	
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар орындай алады: еркін және еріксіз тербелістерге мысалдар келтіру. Жиілік, период, амплитуда шамаларын білу. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: графиктік әдіспен амплитуда, период, жиілікті анықтау. Кейбір оқушылар орындай алады: формулаларды қолданып амплитуда, период, жиілік заңдылықтарын қолданып есептеу.	
Ойлау деңгейлері	Білу, түсіну, қолдану.	
Бағалау критерийі	Еркін және еріксіз тербеліске мысалдар келтіреді. Жиілік, период, амплитуда шамаларын біледі; Графиктік әдіспен амплитуда, период, жиілікті анықтайды; Формулаларды қолданып амплитуда, период, жиілік заңдылықтарын қолданып есептейді.	
Тілдік мақсаттар	Амплитуда,период, жиілік.	
Құндылықтарға баулу	Еңбек және шығармашылық, өмір бойы білім алу	
Пәнаралық байланыс	Математика, жаратылыстану	
Алдыңғы білім	Сақталу заңдары	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар

кезеңдері												
Сабақтың басы 4мин	Ұйымдастыру. Сыныпты топқа бөлу. Үй тапсырмасын сұрау. Сәйкестікті табу. Ұйымдастыру кезеңі. Сынып оқушыларымен сәлемдесіп, сабаққа қатысуларын қадағалап, назарларын сабаққа аудару. Сергіту сәті. Антоним сөздерді тап. жарық-қараңғы жылы- суық ұзын -қысқа серпімді -серпімсіз үдемелі- кемімелі әлсіз-күшті еркін- еріксіз Топқа бөлу. Конфеттер арқылы топқа бөлу 1 топ – еркін тербеліс 2 топ – еріксіз тербеліс II.Үй тапсырмасын сұрау. Жұптық жұмыс. Тапсырма: «Сәйкестікті тап»											
8мин	<table><tr><td>Күш импульсі</td><td>Дененің бір бөлігі одан қандай да бір жылдамдықпен бөлініп шыққан кездегі қозғалысы</td></tr><tr><td>Потенциалдық энергия</td><td>$E_k + E_n = \text{const}$</td></tr><tr><td>Дененің толық механикалық энергиясы</td><td>$\vec{F}\Delta t$</td></tr><tr><td>Реактивті қозғалыс</td><td>Дене импульсі</td></tr><tr><td>Дене массасы мен қозғалыс жылдамдығының көбейтіндісіне тең физикалық шама</td><td>Денелердің немесе дене бөлшектерінің өзара орналасуына байланысты болатын</td></tr></table>	Күш импульсі	Дененің бір бөлігі одан қандай да бір жылдамдықпен бөлініп шыққан кездегі қозғалысы	Потенциалдық энергия	$E_k + E_n = \text{const}$	Дененің толық механикалық энергиясы	$\vec{F}\Delta t$	Реактивті қозғалыс	Дене импульсі	Дене массасы мен қозғалыс жылдамдығының көбейтіндісіне тең физикалық шама	Денелердің немесе дене бөлшектерінің өзара орналасуына байланысты болатын	9 сынып физикасы
Күш импульсі	Дененің бір бөлігі одан қандай да бір жылдамдықпен бөлініп шыққан кездегі қозғалысы											
Потенциалдық энергия	$E_k + E_n = \text{const}$											
Дененің толық механикалық энергиясы	$\vec{F}\Delta t$											
Реактивті қозғалыс	Дене импульсі											
Дене массасы мен қозғалыс жылдамдығының көбейтіндісіне тең физикалық шама	Денелердің немесе дене бөлшектерінің өзара орналасуына байланысты болатын											

	Ауызша кері байланыс: Жұптар тапсырмаларын ауыстырып, тексеріп бағалайды. Оқушылар өз жұмыстарының нәтижесімен таныстырады.											
Сабақтың ортасы 24 мин	Сабақтың баяндалуы «Суреттер арқылы ой тастау»  Е   А  Ә  Б  В  Г «Ой қозғау» арқылы оқушыларға видеоролик көрсету. Суреттен, видеороликтен алған білімдерін келесі кестені орындау арқылы білу. <table><tr><td></td><td>Тербе ліс перио ды</td><td>Механика лық тербеліс</td><td>Тербеліс амплитуд асы</td><td>Тербе ліс жиіліг і</td></tr><tr><td>Дене бірдей уақыт аралығы нда дәлме – дәл және</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table>		Тербе ліс перио ды	Механика лық тербеліс	Тербеліс амплитуд асы	Тербе ліс жиіліг і	Дене бірдей уақыт аралығы нда дәлме – дәл және					https://youtu.be/menI5ygGOIc https://youtu.be/7e6wA0mme6A
	Тербе ліс перио ды	Механика лық тербеліс	Тербеліс амплитуд асы	Тербе ліс жиіліг і								
Дене бірдей уақыт аралығы нда дәлме – дәл және												

	жуықтап қайталан ып отыратын қозғалысын айтады				
	Дене қозғалысы толығымен қайталан ып отыратын ең аз уақыт				
	1 с ішінде жасалған тербеліс саны				
	Герц(Гц)				
	Секунд (с)				
	$\nu = n/t$				
	$\nu = 1/T$				
	$T = 1/\nu$				
	Дененің тепе-теңдік күйінен ең үлкен ығысуын ың мәнін айтады				


Бағалау критерийі	Дескриптор
Еркін және еріксіз тербеліске мысалдар келтіреді. Жиілік, период, амплитуда шамаларын біледі.	еркін және еріксіз тербелістерге мысалдар келтіре алады
	физиканы табиғатпен және өмірмен байланыстыра алады
	Физикалық шамаларды біледі

Оқушылар «суреттер арқылы ой тастау», «ой қозғау» әдістеріне кері байланыс жасайды.




«Графикпен жұмыс» әдісі

1)



2)



Екінші графикті пайдаланып тербелістің амплитудасын, периоды және жиілігін табындар.

Шың кітап-2014ж

Бағалау критерийі	Дескриптор
Графиктік әдіспен амплитуда, период, жиілікті анықтайды	графикпен жұмыс жасай алады
	формулаларды біледі
	физикалық шамаларды, өлшем бірліктерді біледі

Графикпен жұмыс әдісіне топтар бір-біріне баға

береді.



«Ротация » әдісі.

1-топқа

1. Серіппеде тербеліп тұрған жүк 8с ішінде 32 тербеліс жасады. Тербелістің периодын және жиілігін анықтаңдар.
2. Дене $x = 0.4 \sin 2t$ заңымен гармониялық тербеледі. Оның тербеліс амплитудасы мен периоды.

2-топ

1. Дене 4 мин-та 60 тербеліс жасайды. Тербеліс периоды мен жиілігі
2. Нүктенің тербелісінің қозғалыс теңдеуі берілген: $x = 0,6 \cos 157 t$. Тербелістің периоды мен амплитудасы

Әр топқа екі есептен беріледі, 7 минуттан соң алмасады.

Бағалау критерийі	Дескриптор
Формулаларды қолданып амплитуда, период, жиілік заңдылықтарын қолданып есептейді.	формулаларды біледі
	физикалық шамаларды анықтай алады
	өлшем бірліктерді біледі
	есеп шығара алады

Бағалау: Топтар тапсырмаларын ауыстырып, тексеріп формативті бағалайды.



Үйге тапсырма: Тербелмелі қозғалысты қайталап, тербелістерге 10 мысал тауып келу.

Сабақтың соңы 4 мин	Сабақтың аяғы Рефлексия 	
Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау
Оқушыларға деңгейлеріне қарай тапсырма беремін, қолдау көрсетемін, бағалап отырамын. Қабілетті оқушыларға деңгейлік есептер беремін.	«Сәйкестікті тап» «Суреттер арқылы ой тастау» «Ой қозғау» «Графикпен жұмыс» «Ротация »	Денсаулық сақтау технологиялары. Физика кабинетіндегі техникалық қауыпсіздік.
Сабақ бойынша рефлексия		
Жалпы бағалау Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? 1: 2: Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)? 1: 2: Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?		

МАЗМҰНЫ

- *ТУМЫШЕВА АКСУЛУ КУШЕКОВНА*
- *ОНГАРОВА ДЖАНБИБИ КОРПЕЕВНА*
- *ТЛЕУМАГОМБЕТОВА НАГИМА АЛДАБЕРГЕНОВНА*
- *ШАЛХАРОВА ДИНА*
- *КОДАРОВА ШОЛПАН КАЛИЕВНА*
- *БЕКТИЛЕУОВА ЗАУРЕ КУЗЕНБАЕВНА*
- *МАМБЕТКУЛОВА АСЕМГУЛЬ КАМАЛЖАНОВНА*
- *ИЗБЕРГЕНОВА ГҮЛШАТ АЙМУХАШЕВНА*
- *КОЖАБЕКОВА САЛТАНАТ ОТЕМУРАТОВНА*
- *ТЛИСОВА САНДУГАШ ЖЕКСЕНОВНА*
- *ИМАШЕВА КЕНЖЕГУЛЬ БЕРДИГОЖИНА*
- *ШПЕКБАЕВА ГУЛЬНАЗ АРЗАНБЕКОВНА*
- *ДОСЖАНОВА ЖАНАР УСЕРОВНА*
- *ҚАСЕНОВА ГУЛИМАЙ ЕРГУМАРОВНА*
- *КАНЖИГИТОВА ГУЛНАЗ БАКЫТЖАНОВНА*

